



ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

3-бет



Итоги экспедиции

6 стр.



Творческий путь и профессиональная деятельность юбиляра - доктора биологических наук, профессора ДАРБАЕВОЙ Талшен Есеномановны

8 стр.



Абайдың рухани мұрасы тұлғаның тағдырын өзгертеді

10-бет

Құрметті әріптестер, ардагер ұстаздар және студенттер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен құттықтаймын! Ата Заңды ардақтау – келешекке керуен тартқан мемлекетіміздегі әрбір азаматтың парызы.

Әрбір азамат өзін тең сезінетін, татулығы жарасқан қазақ елінің, Қазақстан халқының қарымды істері бүгінде әлем жұртшылығы үшін үлгі-өнегеге айналды. Мұның өзі біздің Ата Заңымызда бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің қамтылғанын айғақтайды. Қазақ елінің жасампаздығы мен жарқын істерін танытуда ұстаздардың қашанда үлесі зор.

Еңбектеріңізге тың серпіліс пен жаңашыл ізденістер, жарқын жетістіктер тілеймін. Әр шаңырақта құт-береке, ырыс пен ынтымақ болып, ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен, М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоры
Нұрлан СЕРҒАЛИЕВ

“АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЙШЫҚТЫ АЙҒАҒЫ - АТА ЗАҢ”

27 тамыз күні осындай тақырыпта Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығына арналған онлайн конференция өтті. Конференцияға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен шақырулы қонақтар қатысты.

Конференция жаңа ғылыми зерттеулер, жаңа көзқарас және пікір алмастыру, Қазақстан Республикасы Конституциясының қазіргі конституциялық құқықтық тәртібін тереңде толық зерттеуге мүмкіндік беретінін көздейді.

Конференция барысында Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалып, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры

Серғалиев Нұрлан Хабибуллаұлы мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдіріп, жиынды бастады. Одан әрі

«ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ КЕПІЛІ» тақырыбында өз баяндамасын ұсынған Рухани жаңғыру институтының директоры Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы қазақ мемлекеттілігі мен құқықтық ел билеу тарихының тамыры тереңде жатқанын айқындап, Ұлы Дала демократиясының классикалық үлгісі қазақ билер соты заман талабына сай дамып, ел билеудің өнегелі жолына айналғанын негізге ала отырып, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Конституциясы

- айбынды ел азаматтығының айғағы, Тәуелсіздігіміздің тірегі, ел бірлігінің қайнар бастауы, еліміздің әрбір азаматының мақтанышы және қорғаны екенін баса айтты. Содан соң, ҚР Жоғарғы сотының кеңесшісі, заң ғылымдарының кандидаты, доцент Маликова Айгүл Шариғханқызы «ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫ ХАЛҚЫҚТЫҢ БІРЛІГІ МЕН МЕМЛЕКЕТ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» тақырыбында баяндамасын ұсынды.

(Жалғасы 2-бетте)

Құрметті студенттер, қадірлі әріптестер, ардагер ұстаздар, ата-аналар!

Ең алдымен сіздерді оқу жылының алғашқы күні – Білім күні мерекесімен құттықтаймын.

Былғы Қазақстан білім саласы қызметкерлерінің республикалық Тамыз кеңесінің «Білім және ғылым: жаңа оқу жылының ерекшеліктері» тақырыбында өтуі ел жаңғыруында білім мен ғылым бағытындағы жаңашылдық талаптарын тағы бір айқындады.

Мемлекетіміз қоғамның әр саласында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Білім беру мен ғылым саласында үлкен реформалар жасалуда. Біздің университетіміз де осы саладағы жаңа бастамаларды жүзеге асыруда бар күш-жігерін жұмсауда.

Оқу орнымыз сан мыңдаған түлектерімен мақтанады. Бүгінде олар кәсіби маман ретінде қоғамның әр саласында табысты еңбек етуде. Біз университеттің тарихымен, БҚМУ түлектерімен және оқу орнының қалыптасып, дамуына зор еңбек сіңірген педагог-ғалымдарымызбен қашан да мақтанамыз.

Құрметті бірінші курс студенттері!

Бүгін сіздер үшін ерекше күн. Бұл күні сіздер Махамбет университетінің қабырғасында студент атанып отырсыздар. Алда әлі сіздерді білім мен ғылымға арнайтын, еңбекке жол сілтейтін жылдарыңыз күтіп тұр. Мен сіздерге өз салаңыздың кәсіби маманы болады деп нық сенемін.

Қымбатты студенттер, қадірлі оқытушылар!

Университет өңірде алғашқы білім ордаларының бірегейі ретінде өзін мойындатты және өз биігінде қалуға талмай еңбектеніп келеді. Оған куә оқу ордасының тоқсан жылға жуық тарихы мен «Ұстаздар ұстаханасының» өлшеусіз еңбегі.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы ойы озық ұрпақты тәрбиелейтін мұғалімдер қауымына зор жауапкершілік жүкелетінін жеткізіп, «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» деп атап өткен болатын.

Осы жолдағы еңбектеріміз елеулі, жетістіктеріміз мол болсын. Білім күні құтты болсын!!! Жаңа оқу жылында баршаңызға табыс тілеймін!

Құрметпен, М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоры Нұрлан СЕРҒАЛИЕВ

Ученые Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова приняли участие в работе Международной междисциплинарной научно-практической конференции «СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ РЕГИОНОВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ». В формате видео-конференции 18 июля 2020 г. Международным центром научной и технической информации, научным журналом «Россия и Азия» Центра Азиатских исследований Российского университета дружбы народов (г.Москва) и Межрегиональным институтом развития территорий (г.Ялта) была организована и проведена Международная междисциплинарная научно-практическая конференция «Социально-экономические проблемы регионов в условиях глобальной нестабильности». В научном мероприятии приняли участие ученые высших учебных заведений и научных организаций России, Казахстана, Белоруссии, Польши, Индонезии, Китая, Франции, Болгарии, Бахрейна, Таджикистана, Египта, Ирака, Кот-д'Ивуара, Сербии, Индии.



РЕШЕНИЕ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ РЕГИОНОВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОЙ НЕСТАБИЛЬНОСТИ

На конференции были представлены доклады и обсуждались вопросы по решению социально-экономических проблем регионов в условиях глобальной нестабильности в рамках заседания следующих сессий:

1. «Мировой опыт преодоления экономической турбулентности в переходные периоды»;
2. «Устойчивые глобальные, региональные и национальные экономические модели»;
3. «Цифровое государство и цифровая экономика в условиях глобальной нестабильности»;
4. «Экономическая география и размещение производства в условиях глобальной нестабильности»;
5. «Социально-экономические трансформации в сфере науки, образования, культуры, искусства и общества в целом».

В работе сессии 4 «Экономическая география и размещение производства в условиях глобальной нестабильности» были представлены результаты научных исследований экономико-географов, ученых кафедры географии Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова. С докладом «Экономико-географическая оценка перспектив кластеризации промышленности Актыбинской области Республики Казахстан» выступил доктор философии (PhD) по специальности 6D060900-География, руководитель отдела науки, доцент кафедры географии Эдуард Имашев.

Результаты исследований участников конференции будут опубликованы в научных журналах «Информация и инновации» (ISSN 1994-2443; DOI: 10.31432/1994-2443-2019-14-3-4; РИНЦ), «Россия и Азия» (РИНЦ), «Инновационная экономика» (ISSN



2413-5607, РИНЦ), «Крымский научный вестник» (ISSN 2412-1657, РИНЦ). Статьи, не опубликованные в названных выше журналах, будут изданы отдельным электронным сборником научных трудов (РИНЦ).

Ссылки: <http://russia-asia.org/conf/>, http://www.icsti.int/portal/news/index.php?lang=_g&id=0

Отдел науки ЗКУ им. М.Утемисова

Жолдау зор ықыласпен тыңдалды

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа Жолдауы теледидар арқылы еліміздегі көптеген жоғары оқу орындарында арнайы тыңдалды.

Солардың қатарында М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұстаздары мен студенттері де бар.

Адами құндылық, қоғамдық мәселелер,

білім мен денсаулық, ұлт пен ұрпақ келешегіне қатысты келелі құжаттан әркім өзінің санасында сабылысқан сан түрлі сауалдың жауабын тапқандай.



Дәріс алды

«Jascongres University»- Жастар саясатын дамытуда ойып тұрып орын алатын Қазақстан жастарының конгресінен бастау алған, жастар арасында өте үлкен сұранысқа ие, алға қойған мақсаты айқын, қоғамға нәтижелі белсенділерді жетілдіруге арналған білім ордасы. Осыған дейін 2 кезеңі оздырылып, Қазақстанның түкпір - түкпірінен 100 - ден астам қатысушы білім алған жобаның үшінші легіне М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері де қатысты.



JCU 3.0 интенсивті курсына еліміздің барлық өңірінен 400 - ден астам өтініш түсіп, үздік 80 студент іріктелген болатын. Студенттер 2 аптаға жуық уақыт түрлі спикерлерден қазіргі замандағы білім беру жүйесі, «ЖЕКЕ БРЕНД» қалыптастыру, қазіргі кезде кең таралған әлеуметтік желілерді басқа қырынан дұрыс пайдалану сынды тақырыптарда онлайн дәріс алды. Жоба соңында университетімізден қатысқан Жандос Меңдешұлы, Нұрсұлтан Жәнібек, Айбарша Түмен, Сауат Берікқали арнайы сертификат иегері атанды.

“АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЙШЫҚТЫ АЙҒАҒЫ - АТА ЗАҢ”

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Өз баяндамасында Ата Заң тарихы және заң қағидалары мен судья лауазымы, сот шешімдерінің халыққа түсініктілігінің қамтамасыз етілуі жөнінде тарқатып, сонымен қатар сот жүйесіндегі IT технологиялар арқылы жаңарған виртуалды мүмкіндіктер жөнінде айта келе, ҚР Конституциясы - заңдылықтың белгілі бір келісімнің еліміздің қарқынды дамуының кепілі деп түйіндеді. Одан әрі заң ғылымдарының кандидаты, доцент Назаркулова Лаззат Талғатовнаның «СПРАВЕДЛИВОЕ ПРАВОСУДИЕ КАК ОСНОВА КОНСТИТУЦИОННОГО ГОСУДАРСТВА В РК» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Баяндамада конституциялық мемлекеттің негізі - қазіргі таңдағы заңгерлер мен сот кадрларын даярлаудағы тәжірибелік мәселелерді алға тартты. Одан соң М.Өтемисов атындағы БҚУ-дың құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, магистр Досжанов Қайырбек Мырзағожаұлы «КЕЛЕСЕК КЕПІЛІ- КОНСТИТУЦИЯ» тақырыбындағы баяндамасында мемлекет өз азаматтарының құқықтарын қорғауды қаншалықты маңызды санаса, әрбір адам өзінің де, мемлекеттің де бөлінбес бөлшегі ретінде бағалайды деген ойды сабақтап, Ата Заң тарихы мен ондағы өзгерістер, адамның азаматтық құқықтары турасындағы қағидаларды басты назарға алып, көпшілікке ұсынды. Конференция соңында конституциялық нормаларды тұрғындар мен студенттер арасында түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізуді; құқық үстемдігін және конституциялық тәртіпті қамтамасыз ету аясында жоғары оқу орындары мен ғылыми бірлестіктермен ынтымақтастықты жалғастыруды; заңгерлер қызметінде конституциялық нормаларды талқылауда ғылыми едістерді қолдануды ұсына отырып қорытындылап, қатысушы қонақтарға сөз беріліп, пікір алмасты. Қатысушылар шара соңында ұйымдастырушыларға өз алғыстарын білдірді.

Шұғыла ЕҢСЕП,
Филология факультетінің 2-курс студенті



МАХАМБЕТ
УНИВЕРСИТЕТІ

МАХАМБЕТ
УНИВЕРСИТЕТІ

**НҰРЛАН
СЕРҒАЛИЕВ**

М.Өтемісов атындағы
БҚУ ректоры

26 15:00
ТАМЫЗ

@nurlan_sergaliev
ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

2020-2021 оқу жылында оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша профессор-оқытушылар құрамына және білім алушыларға түсіндіру жұмыстары туралы

ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ

ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

26 тамыз күні М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев тікелей эфирде 2020-2021 оқу жылында оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша профессор-оқытушылар құрамына және білім алушыларға түсіндіру жұмыстары туралы онлайн кездесу өткізді.

Эфир барысында Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев университеттің оқу жүйесінде жаңа платформа іске қосылатынын атап айтып, оқытушылар мен білім алушылар тарапынан қойылған қашықтан оқыту технологиясы, оқу ақысы және шәкіртақы көлемі, сабақтардың онлайн және аралас өту барысы жөнінде туындаған сұрақтарына жауап берді.

Эфир соңында университет ректоры жаңа оқу жылына сәттілік тілеп, кез келген маңызды сұрақтарға жауап беретінін және қиындықтарды бірге жеңіп, қашықтан оқу жағдайында оқытушылар мен студенттерге барынша мүмкіндіктер жасалатынын айтып өтті.

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры Асет Тасмағамбетов инстаграм әлеуметтік желісі арқылы тікелей эфирге шығып, 2020-2021 оқу жылында оқу үрдісін ұйымдастыру бойынша профессор-оқытушылар құрамына және білім алушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Тікелей эфир барысында студенттер тарапынан жаңа оқу жылында қашықтан оқу, жатақханаға құжаттар тапсыру, оқу ақысы, магистратурада білім алу жөнінде бірқатар сұрақтар қойылды. Өз кезегінде А.Тасмағамбетов студенттердің барлық сұрақтарына толыққанды жауап беріп, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Финалисты конкурса исследовательских проектов «CAPSTONE PROJECT», реализуемого Международной тюремной реформой (PRI) при поддержке Посольства Королевства Нидерландов в Казахстане, представили свои работы 14 июля 2020 года. В этом году из-за ограничений, объявленных в Казахстане в связи с пандемией COVID-19, студенты Западно-Казахстанского университета им. М. Утемисова презентовали свои идеи в формате онлайн.

Обзор по финальной презентации конкурса исследовательских проектов Capstone Projects 2019-2020

Начиная с сентября 2019 г. в Западно-Казахстанском государственном университете был проведен ряд мероприятий, связанных с реализацией проекта, с участием представителей местных органов, администрации учебного заведения, а также международных и национальных экспертов PRI. Официальный запуск проекта состоялся с участием 21 студента факультета истории, экономики и права, отобранных для участия в проекте по результатам двух отборочных туров. На протяжении девяти месяцев студенты-участники «CAPSTONE PROJECT», разделившись на семь команд, принимали участие в ряде мероприятий, иницируемых в рамках данного проекта, при этом исследуя актуальные вопросы защиты прав человека в Республике Казахстан. Представители Посольства Королевства Нидерландов в Казахстане, эксперты проекта Capstone

им. Шракбека Кабылбаева, д. ю. н., доцент, полковник полиции;

5. Виолетта Красникова, специалист программ ЮНИСЕФ по защите прав ребенка;

6. Шахноза Хасанова, директор ОО «Правовой центр женских инициатив «Сана Сезім».

Результаты были подсчитаны членами Наблюдательной комиссии «CAPSTONE PROJECT»:

1. Назарова Жанна Бакытбековна, региональный менеджер программ Penal Reform International в Центральной Азии;

2. Тастанова Малика Мейрамбековна, старший преподаватель кафедры «Международное право» Университета KAZGUU им. М.С. Нарикбаева, Консультант PRI.

Семь исследовательских проектов по следующим



исследовательской работой на тему «Права трудовых мигрантов в Казахстане: реальность и перспектива». Члены Комиссии по оценке исследовательских проектов «CAPSTONE PROJECT» отметили, что растущее число трудовых мигрантов во всем мире, а также трудности, с которыми они сталкиваются в настоящее время из-за пандемии COVID-19, ставят рассматриваемые студентами проблемы в разряд актуальных.

• «Самая инновационная идея» – Команда 3: Криворучко Алина, Оралбаева Акнур и Комиссаренко Андрей с проектом на тему «Эвтаназия: право человека на смерть». Члены жюри решили, что со стороны студентов было смелым выбрать тему, которая не очень хорошо изучена не только в Казахстане, но и в любой точке мира. Тот факт, что студенты подняли данный вопрос, уже делает их проект и рекомендации инновационными, особенно для Казахстана.

• «Лучший спикер» – согласно баллам членов Комиссии по оценке исследовательских проектов было определено два спикера с одинаковым итоговым результатом: Эльмира Истерекова из команды 1 с исследованием на тему «Усыновление казахстанских детей иностранными гражданами» и Куандык Избасаров из команды 6 с работой на тему «Жазалардың балама түрлері және Қазақстан Республикасының жаза жүйесінің даму перспективалары».

Команда – победитель – членами жюри единогласно были выбраны победители четвертого выпуска конкурса «CAPSTONE PROJECT», ими стали участники команды 5: Алина Жумартова, Гульнара Зубченко и Айнара Кулымжан с исследовательским проектом «Проблема трудоустройства осужденных в местах лишения свободы». Куратором данной команды выступил преподаватель факультета истории, экономики и права кафедры правовых дисциплин - Казиев Тайман Исмагулович.

Из-за временных ограничений на путешествия по всему миру организаторы проекта решили, что победители текущего года посетят Нидерланды в рамках недельной учебной поездки в 2021 году вместе с победителями следующего выпуска «CAPSTONE PROJECT». Все участники конкурса «CAPSTONE PROJECT» награждаются сертификатами за участие и памятными подарками, которые будут отправлены им по почте.

От всего коллектива университета поздравляем наших ребят с достойным выступлением в престижном международном конкурсе и желаем им дальнейших успехов в профессиональной реализации!



из Нидерландов (профессор Миранда Бун из Лейденского университета и асс. профессор Паулин Джейкобс из Утрехтского университета), национальные эксперты, представители государственных органов Республики Казахстан, представители гражданского общества, а также администрации, преподавателей и студентов ЗКГУ им. М. Утемисова присоединились к заключительному мероприятию, проведенному через Zoom.

В Комиссию по оценке исследовательских проектов «CAPSTONE PROJECT» в этом году вошли:

1. Сонья Кауп, заместитель главы миссии Посольства Королевства Нидерландов в Республике Казахстан;

2. Азимова Эльвира Абилхасимовна, уполномоченный по правам человека в Республике Казахстан;

3. Акылбекова Роза Максатбековна, заместитель директора Казахстанского международного бюро по правам человека и соблюдению законности;

4. Биекенов Нурлан Амангельдинович, начальник Костанайской академии МВД Республики Казахстан

темам были представлены участниками:

- Усыновление казахстанских детей иностранными гражданами;
- Права трудовых мигрантов в Казахстане: реальность и перспектива;
- Эвтаназия: право человека на смерть;
- Усовершенствование службы пробации в Казахстане;
- Проблема трудоустройства осужденных в местах лишения свободы;
- Жазалардың балама түрлері және Қазақстан Республикасының жаза жүйесінің даму перспективалары;
- Азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалардан қорғау механизмін жетілдіру.

Итоги финальной презентации «CAPSTONE PROJECT»:

Победители в номинациях:

- «Самый актуальный вопрос» – Команда 2: Бикеев Алдияр, Карасева Ирина и Бадеева Анастасия с

Халық жазушысы Шерхан Мұртаза: «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты», - деген-ді. Қазақстан Республикасының Конституциясы – айбынды елазаматтығының айғағы, Тәуелсіздігінің тірегі, ел бірлігінің қайнар бастауы, еліміздің әрбір азаматының мақтанышы және қорғаны. Қазақстан Конституциясы – еліміздің ұлттық саяси - құқықтық жүйесінің түпқазығы, мемлекеттілігі мен егемендігінің, елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің заңды негізі, барша заңнама мен құқық қолдану тәжірибесі, бұған қоса еліміздің мемлекеттік-құқықтық қайта жаңғыруы мен даму үрдісі арқа сүйер мықты іргетасы. Ата Заңымыз – біртұтас мемлекеттің, берекелі қоғамның, бірлігі жарасқан елдің негізі. Демек, Конституция – қоғам мен мемлекеттің басты құжаты, бірегей тұғырлы заңнама үлгісі.



«Мен - қазақпын» атты әйгілі дастанының туындыгері қазақтың Жұбан ақыны айтқандай, *«мың өліп, мың тірілген»* халқыпыз ғой. Қилы тарих тұңғиығына көз тоқтата үңіле қарасақ, халқымыздың көрмеген қиындығы, тартпаған тауқыметі жоқ екен. Өлдім - талдым, өштім-жандым дегенде әупірімдеп қолға тиген Тәуелсіздігіміздің тұсында да еліміздің дамып-өркендеуіне кедергі боларлық небір сериалды мылтықсыз майдандар жүріп жатқаны мәлім. Халқымыздың орасан зор күш - жігерінің арқасында ғана жеңіс биігінен, жеміс биігінен табылып келеміз. Осы ретте халқымыздың заң үстемдігіне, адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге ұмтылысы төл тарихымызда айқын көрініс тапқанын баса айтамыз. Дерек көзіне сүйенсек, ежелден ел арасында *«Хан болсын, ханға лайық заң болсын»* деген түйін бар. Бұның өзі қазақ мемлекеттілігі мен оның құқықтық ел билеу тарихының тамыры теренде жатқандығын айқындайды. Осыдан 555 жыл бұрын, яғни, 1465 жылы Қазақ хандығы құрылып, қазақ елі біртұтас ұлт ретінде қалыптасып, тұғыры мықты мемлекет атанғаны мәлім. Бастысы - мемлекет басқарудың құқықтық ережелері мен ұлттық әдет-ғұрыптарының заңдастырылғаны. Ұлы Дала демократиясының классикалық үлгісі – Қазақтың билер соты заман талабына сай дамып, ел билеудің өнегелі жолына айналды. Қазақ елінің заңнама тарихы сонау XIV-XV ғасырлардан бастау алмақ. Олар – *Ата Заңы, Ата жолы, Ата сөзі және Ата өсиеттері*. Кейінгі хандықтар тұсында Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет еткені анық. Хандардың

әрқайсысы өзінен бұрын қолданылған әдет - ғұрып заңдарына заман талаптарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, сол кезеңдегі қоғамға бейімдеп қолданғаны айдай айқын. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары мен Қасым мен Есім хандарының тұсында қабылданған *«Қасым ханның қасқа жолы»* және *«Есім ханның ескі жолын»* одан әрі жетілдіру арқылы қазақтың атақты билерімен ақылдаса отырып, билер сотының тәжірибелерін, дарындылықпен айтылған түйінді биліктерді жинақтап, өзінен бұрынғы қазақ заңдарын дәуір талабына сай толықтырып, дамыту негізінде «Жеті жарғы» атты заңдар жинағын құрастырғанына тарих куә. Қазақша *«жарғы» әділдік ұғымын* білдірмек. «Жеті жарғыға» әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни, онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жағы түгел қамтылған. Бұнда орта ғасырдағы қазақ қоғамының патриархаттық - феодалдық құқығының негізгі қағидаттары мен нормалары да баяндалған-ды. «Жеті жарғы» – жеті әдеттік құқықтық жүйеден тұратын қоғамдық қатынастарды реттейтін салалардың

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУДЫҢ, РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

жиынтығы. Мұнда жер дауы, жесір дауы, құн дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік, рулар арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету көзделген. «Жеті жарғыны» қазақ халқы XIX ғасырдың ортасына дейін қолданып келген. Ал кейбір заңдар 1917 жылы кеңес өкіметінің билігі орнағанға дейін қолданылғаны тарихтан мәлім.

Қазақстанда кеңес өкіметінің билігі орнағаннан кейін КСРО-ның 1936 жылы және 1977 жылы қабылдаған Конституциясына негізделген Ата Заңдары басшылыққа алынғанын білеміз. Ал 1991 жылы 16 желтоқсанда еліміз егемендік алып, өз алдына дербес, тәуелсіз мемлекет атанған тұста осы мүмкіндікке сәйкесті 1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңестің депутаттары Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясын қабылдаған болатын. Десек те, кейін 1995 жылы республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл Конституция ұлтымыздың ұланғайыр тарихынан бастау алған, жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын да қамтып, қазіргі мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың іргелі қағидаттарын реттейтін аса маңызды құжат бола алады. Бұл құжат дербес мемлекет ретінде, ұлтына қарамастан онда тұратын барлық адамдардың құқықтары мен бостандықтарына сәйкес жасалып, ұлттық, азаматтық ұжымдар мен топтардың бірлесіп бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Бүгінде Қазақстанның құқықтық мемлекет орнатып, әлемнің өркениетті елдерімен жан-жақты экономикалық-саяси тең дәрежеде қарым-қатынас қалыптастырып, ауқымды реформаларды жүзеге асыру жұмыстарының барлығы да Ата Заңның аясында атқарылуда.

Еліміздің қазіргі таңдағы Конституциясы әлемдік қоғамдастықта танылған жалпы адами және ерекше маңызы бар қазақстандық идеалдарға негізделген. Сондықтан бұл құжат еліміздің аумақтық тұтастығын, президенттік басқару нысанын, халық билігі қағидатын, идеологиялық және саяси сан алуандылықты, жекеменшікке қол сұғылмауын, адамның және азаматтың халықаралық деңгейде танылған құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік биліктің жаңа жүйесін баянды өтуде.

Адам – ардақты ат. Адам – замананың көркі. Дүниежүзіндегі ең жас Конституциямыздың «Адам және азамат» деп аталатын бөлімі елдің ең асыл қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандығын қорғауға арналған. Атап айтқанда, негізгі заңның осы бөлімінің баптары адамның құқығы мен бостандығы өмірге келген сәтінен бастап оған тиесілі екенін және оған ешкімнің қол сұғуына жол берілмейтінін бекітеді. Тарқата таразыласақ, ұлты, тегі, түсі, тілі, діні, әлеуметтік жағдайы, саяси көзқарасы бойынша ешкімнің де қуғындалмауы; сөз және шығармашылық еркіндігі; еңбек ету, қызмет түрі мен мамандық таңдау бостандығы; білім алу, отбасы құндылықтарын қорғау, жеке меншігін қорғау құқықтары; жиындарға және шерулерге қатысу, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға мүше болу, мемлекеттік басқаруға қатысу, мемлекеттік басқару

органдарын сайлау, сайлану және тағы басқа құқықтары халықаралық құқық нормаларына толық сәйкес қорғалады. Яғни, біздің негізгі заңымыз мыңжылдық тарихы мен дәстүрі бар өркениетті мемлекеттердің заңдарымен лайықты иық тірестіреді.

Бүгінгі таңда Конституция – елдегі қоғамдық күштердің шын мәніндегі арақатынасын айқындаушы. *Анығы* – елімізде конституциялық құндылықтардың маңызы азаматтық қоғамның дамып жетілуінің, заңдылық пен құқық тәртібінің жай-күйіне ықпалы орасан оның құқықтық мәдениетінің деңгейіне тікелей байланысты екендігі. Ендеше, қоғамның құқықтық мәдениетін арттырмай, әрбір азаматтың бойында Ата Заңға орайлас терең құрмет сезімін тәрбиелемей, оның нормативтік ережелерін күнделікті тұрмысымызға сіңдіруге тікелей әрі белсенді араласуға даярлықты қалыптастырмай экономикалық, саяси және әлеуметтік міндеттерді шешудің күрделілігін уақыт көрсетуде.

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналуы өзіне басты міндет етіп алған еліміздің бүгінде қол жеткізген көл-көсір табыстары да – осы Конституцияның және пайымды парасат, рухани рух

биігінде мұқалмас күш-жігермен ел үшін тер төгіп жүрген әр азаматтың жаңқиярлық еңбегінің арқасы. Бейбіт өмір, тұрақтылық, ынтымақ сынды елдік ұлы құндылықтарға негізделген Ата Заңымыз ел бірлігін қамтамасыз етіп, елге ырыс әкеліп, жақсы тұрмысқа кенелтуде. Бүгінгі еліміз қол жеткізген күллі биік асуларымыз бен жеңістеріміз де – осы Конституцияның жемісі. Демек, *25 жылдығы аталып отырған Ата Заңымызды* саяси, экономикалық, әлеуметтік жетістіктердің жаңа белесіне құқықтық негіз берген тарихи құжат ретінде құрметтеу – әрқайсымыздың міндетіміз. *Басты себеп* – еліміздегі жүзеге асып жатқан күллі саяси, экономикалық құқықтық шаралардың осы Ата Заңымыз негізінен туындайтыны. *Басты дәлел* – барлық қоғамдық қатынастар тиісінен заңдармен реттелетіндігі. Конституция қағидалары толықтай елімізді демократияландыруға, экономикалық өрлеуге, халықаралық деңгейде өсуге, ішкі деңгейде әлеуметтік, саяси-құқықтық тұрақтылыққа, ауызбірлікке шақырады.

Қазақелінің Конституциясы – ұлттық құндылықтардың сақталуының, рухани жаңғырудың кепілі. Бұл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың *«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»*, *«Ұлы даланың жеті қыры»* атты бағдарламалық мақалаларындағы негізгі бағыттар мен жобалардан айқын көрініс табады. Ал бұл үдерістердің қай-қайсысы да ел Ата Заңының басты қағидаттары негізінде өрбімек. Басқаша жол жоқ.

Жинақтай айтсақ, Конституцияда көрсетілген саяси, әлеуметтік- экономикалық және құқықтық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттар тәуелсіздіктің арқасында еңсесін тіктеген Қазақ елінде қай салада болсын жемісті жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда саясаты салмақты, экономикасы еңселі, әлеуметтік жағдайы өлді, халқы тату, қорғанысы бекем, болашағы жарқын еліміз Ата Заңның аясында өркениетті елдермен терезесі тең мемлекеттің озығына айналу жолында. Конституция қабылданғаннан бергі кезең ішінде Қазақстан құлашын кеңге сермеп, өзінің қуаты мол нарықтық экономикасы бар демократиялық мемлекет екенін әлемге танытуда. Демек, Тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы мемлекетіміздің одан әрі өркендей беруіне қызмет етуде.

Алақаны бар тіршіліктің шапалағы да бар. Бұған қазіргі таңдағы дүние жүзін дүр сілкінткен әлемді жайлаған коронавирус індетінің ел еңсесін түсіруін айтар едік. Ендеше, осы тұста халқымызға тайсалмайтын маңдай, таңғалмайтын таңдай бергей! Ағайын, ұрпағымызды сақтайық! Осы орайда елдің зиялы қауымына тереңнен суырып айтатын, таңдайды қуырып айтатын азаматтық уыт бергей! Ел Конституциясы қағидаттарын басшылыққа алған халқымыздың келешегі даңғыл болғай! Осы жолда Қазақ елінің жаңа ұрпағын ездікті емес, елдікті айтар Азамат ретінде көрелік!

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі

Биылғы көктемде Батыс өңірінде қар тез еріп, көрі құда аса бір тосын мінезін көрсете қоймады. Көктемнің шуақты күндері болғанымен, барша адамның көңілі күпті, алаңдаулы. Өр қазақ өзінің шаңырағында тығылып отыр, ағайын-туыспен, дос-жаранмен телефон арқылы байланысқаны болмаса, қатынасты уақытша тоқтатуға мәжбүр. Аты жаман аурудың беті жаман, аждаһадай жалмаңдап тұр. Бұған қарсы дертке дауа, ем табу өзiрге адамзат баласының қолынан келмей тұрғаны.

Иә, үйде отырсақ та, қарап отырмай түртіншектеп отыру әдетіміз қалмайды. Қағаздарымды, естелік суреттерді ақтарып отырсам, менің ғұмырымдағы сыйлы ағалардың бірі, ұстазым, қазір әріптесім, әріптестің ішінде жақыным, түрлі ғылыми жобаларда ақылдасып, бірге иық тірестіріп жүру бақыты бұйырған(бізге) ізденімпаз тұлға, еңбекқор жан Зейнолла Жақсылықұлының мерейлі алпыс жасы келіп қалғанын аңғардым. Бұл ғалым-ғұмыр туралы жазбау, мен үшін қиянат болар еді. Себебі ағайдың шәкірт тәрбиелеуде өзіндік дара

ҒЫЛЫМ-ҒҰМЫР

жолы бар.

Уақыт шіркін, жүйріктей жүйткіп өтіп жатыр. Уақыт керуені де артына із қалдырып отырады. Уақыт керуені тоқтамақ емес, ал адамзат баласы да сол уақыт көшінде жүріп, жетіледі, өседі, өркендейді. Бәрінің өз шегі бар.

Сонау 2002-2003 жылдары 4-курста оқып жүрген кезімізде Зейнолла Жақсылықұлын алғашқы рет көрдік. Үшті аяқтап, төртінші курсқа кеп қалған, бәрін оқып тауысқандай өрекліген «мен білемге» салынып жүрген кезіміз. «Түркі халықтары әдебиеті» пәнінен сабақ беретін ұстазымыз, университетіміздің ақсақалы(елуінші жылдардан кейінгі кафедраға келген шалдардың біз көрген соңғы тұяғы) Қалимолла Мырзағалиев ағамыз сырқаттанып қалды. Көп ұзамай о дүниелік болды. Өте сабырлы, жайлы, сондай таза адам болатын.Жаңы жәннатта болсын. Міне, сол кісінің орнына мұрты қыяқтай, шашы сары, жұқалтаң келген сол кезде қырықтан енді асқан жігіт ағасы келді.

«Бір-бірінің аузын жалдап үйренген қазақ жаңалыққа зеру емес»(Рақымжан Отарбаев)демекші, қазақтың әңгімеге үйірлігі бесенеден белгілі ғой, оның ішінде филфакта әңгіме жерде жатпайды. Желден де жүйрік тарайды. Қазіргідей телефон жоқ болса да, жеті қабат жер астындағыдан хабардар «кәсіби мамандар» болады. Солардың айтуы бойынша, ағайдың өзінен бұрын бізге дақпырты жетті.

С.Сейфуллин атындағы мектепте еңбек еткен жоғары санатты мұғалім,Білім беру ісінің үздік қызметкері, «Жыл мұғалімі» деген атақтарынан бөлек, мектепте жүріп-ақ ғылыми диссертация қорғаған Қазақстандағы тұңғыш ғылым кандидаты, ғалым деген атағы бар дардай-мы.

Қорғаған тақырыбы анау-мынау емес, Фариза Оңғарсынова шығармашылығы. Фаризаның ақын ретіндегі шығармашылығы бір бөлек әлем болуымен қатар, адамдық келбеті, ақынның айналасына қатаң талапшылдығы туралы естіген-білгеніміз тағы бар. Ал ағай ақынның лирикасын бүге-шүгесінен зерделеп, ақынның өзінен көзі тірісінде батасын алған. Ақын Ф.Оңғарсынова «Мен саған ғашық емес ем» өлеңдер жинағына «Зейнолла айнам, рахмет,ризамын!», - деп жүрек жарды тілегін жазып беріп, кітабын ұсынса, ақынның ғалымға деген құрметін көруге болады. Жалпы Зейнолла Жақсылықұлы тумысынан дипломат адам. Марқұм Серікқали Шарабасов ағамыз өзінің жақсы көретін адамдарына жанама ат қойғанды жақсы көретін. Зекеңді «Жезмұрт» , «Алаш Орда» деп отырушы еді, әрі сырым-дықтардың бәрі ағайға балдыз болатын.

Марқұм болған Қалимолла Мырзағалиев ағайымыздың сабағын жалғастырып кеткен ұстазымыз студенттерді тез игеріп, төртінші курспыз деп жүрген көбімізді өзінің білім, біліктілігімен, сабырлы көркем мінезімен сабамызға түсірді. Осылай ұстаз шәкірт болып басталған таныс білістігіміз кейін, әріптестік, аға-інілі сыйластық, тіпті ағайдың қасында университет бітіріп қолымызда күректей диплом болса да, өмірлік сабақтарды үйрене жүріп ғылым жолына деген қызығушылық, бағыт-бағдар сілтеуде көрсеткен қамқорлығын мен еш уақытта ұмыта алмаймын.

Ғалым-ғұмыр Зейнолла Жақсылықұлының да ғұмырнамасы біршама кезеңдерді қамтиды. Болашақ ғалым, педагог-ұстаз болып қалыптасудың іргетасы сонау өзі туып ескен Батыс Алашорданың ту тіккен қасиетті топырағында бастау алды. Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы – 10.05.1960 жылы Орал облысы(қазіргі Батыс Қазақстан), Жымпиты (қазіргі Сырым) ауданы, Жымпиты кеңшары, Аралтөбе ауылдық кеңесіне қарасты №3 Жамбыл бөлімшесінің «Қарабас-Плантация» елді мекенінде дүниеге келді.

Аралтөбе орта мектебін 1977 жылы тәмамдаған кейіпкеріміз сол кездегі ер-азаматтардың сапында Отан алдындағы әскери борышын абыроймен өтеп келген соң еңбектен қол үзбей жүріп, қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне 1985 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1990 жылы бітіреді.

1981-1993 ж.ж. БҚО Сырым ауданының Қызылағаш орта мектебінде мұғалім, кәсіподақ ұйымының төрағасы, оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасар қызметтерін абыроймен атқара жүріп,педагогикалық жолын ғылыми-практикалық өзекті мәселелермен ұштастырды. Бұл ізденістері де өзінің жемісін беріп, еңбегі еленді.1992 жылы «Тәрбие жұмысының үлгі моделі» тақырыбында өткен облыстық байқауды «Халық педагогика-сы қағидалары бойынша тәрбиелеудің кейбір жолдары» атты авторлық бағдарламасы бас жүлдеге ие болып, іс-тәжірибесі облыс мектептері мен Ресейдің Астрахан облысы мектептері-не таратылды, аталған елде іс-сапарда болып, «Алғыс хатпен» де марапатталды (1993).

Еңбек жолын ауылдық жерден бастаған Зейнолла Жақсылықұлы сол кездегі облыстағы белді мектептердің бірі С.Сейфуллин атындағы облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернат кешеніне қызметке шақырылады. Бұл

мекемеде 1993-2003 ж.ж. аралығында кешен мұғалімі, ғылыми Кеңес жетекшісі қызметтерін атқара жүріп, мұғалімдікпен қатар қазақ әдебиеттану мәселелерімен айналысып, ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектер жазуға ден қояды.

Ұлы Абайдың 150 жылдығына арналған қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің облыстықолимпиадасыныңжеңімпазы (Орал,1994) атанған табыстарымен тоқтап қалмай, өзінің үнемі ізденіс үстінде жүретін талапшылдығы мен еңбекқорлығының арқасында мектеп мұғалімдері арасынан шыққан БҚО-дағы алғашқы ғылым кандидаты (2000), ҚР Мұғалімдерінің I педагогикалық оқуларыныңжұлдегері /3-орын/(Алматы,2001), ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Жүзден жүйірік» атты III Республикалық конкурстың жүлдегері /2-орын/ (Алматы,2001), «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісінің облыстағы алғашқы иегері(2001) сынды тұңғыш болу бақыты бұйырған айтулы марапаттарға тынымсыз еңбек пен ізденістің нәтижесінде жеткенін ғалымның

ғұмырнамасына зер салғанда көріп, көңіліміз толды және алдыңғы толқын ағаның көп іс тындырған өнегесіне тәнті болдық. Адам баласының еткен еңбегі, ізденісі өз уақытында бағасын алса, оның ішінде ұстаз еңбегі еленсе, ұстазға одан асқан бақыт,одан асқан абыройдың қажеті жоқ деп есептеймін. Зейнолла Жақсылықұлының жоғарыда аталған марапаттары жалпы орта білім беру жүйесінде қызмет еткен жылдарына тиесілі болса, оның екінші тынысы жоғары оқу орнында ғылыми-педагог кадрларды даярлау ісіне ауысуымен жаңа бір кезеңге өтті.

Зейнолла Жақсылықұлының жеткен жетістіктері мен табыстарын тізбелеп шыққанда, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет Грамотасымен» бірнеше мәрте марапатталғанын (1996,2000,2002,2012,2019), 2012 жылы «ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы мен грантының, сондай-ақ Білім беру мен қазақ лингвистикасының дамуына қосқан үлгілі кәсіби қызметі үшін Еуропаның Ғылым-Өндірістік палатасының «Алтын медалімен» және Дипломының (Москва,2013) , 2017 жылы «Қазақстан Республикасының Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері сын-ды марапаттарын (Астана,2017) айналып өте алмадық. Өрине, ағайдың атақ, дәреже қуып жүрмегені анық, бұл марапаттар мен жетістіктері ғалым-ұстазды еңбектің арқасында өзі тапты деуге толық негіз бар. Қаншама ғұлама ғалым, қаншама ел алдында абыройы асқақ тұлғалар өмірден өтті, бірақ өкініштісі өзінің ғылыми шығармашылығымен қоса, атқарған еңбегіне қатысты жеткен жетістіктеріне қатысты қағазға ұқыпсыздықтың салдарынан, қаншама дүниелер өздерімен бірге кетті. Міне, Зейнолла Жақсылықұлының жауапкершілігі, өзінің әрбір атқарған ісіне ұқыптылығы осы салада жүрген көбімізге үлгі боларлықтай жақсы қасиет деп айтар едім.

Зейнолла Жақсылықұлының тынымсыз еңбегі, жастай қалыптасқан жазу-сызуға әуестігі бүгінгі ғылым жолындағы биігіне жеткізді. Бұған өзіміз де біршама куә болдық. Марқұм ұстазымыз С.Ф.Шарабасов ағай өзінің шәкірті З.Мүтиев туралы кафедрада жылы лебізін білдіріп, ұстаздық һәм ғылымға деген ұмтылысына оң баға беріп отырушы еді.

Серік Мақпырұлы сынды елге танымал әдебиеттанушы ғалым, сыншының жетекшілігімен қорғалған «Фариза Оңғарсынованың лирикасы» деген тақырыпта (ғылыми жетекшісі-ф.ғ.к.,проф.Серік Мақпырұлы, ресми оппоненттері – ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі Серік Қирабаев, ф.ғ.к. Шөмішбай Сариев) кандидаттық диссертациясын қорғауы ғалым-ұстаздың тынысын ашып, ғылыми шығармашылыққа біржолა ден қоюына жол ашты.

Фариза Оңғарсынова лирикасын терең зерделеген ғалым ақынның әдебиеттегі өзіндік үнін, шығармашылық портретін сол кезеңдегі әдеби процеспен тығыз байланыстыра зерттей отырып, ғылыми негіздеуде өнімді қызмет етті. Зерттеуші ақынның лирикалық «менін» әйел-ана ретіндегі ішкі сезім дүниесімен тығыз байланысты лейтмотив ретінде қарастырады. Ақын лирикасындағы өзгешелік сол – ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілгенін зерттеуші аңғарып: «Нәзік жанды бейненің күллі құпиясын қопара көрсету арқылы әйел образын лирикада қаһармандық санатқа көтерудің бастауын біз Фаризадан анық байқаймыз. Әйел жанын, ана табиғатын ақын-әйелдің ой-діңгегі тұрғысынан таныту, қазақ әйелінің психологиялық ахуалын лирикада Фаризадай ашып айтқан ақын, сірә, да аз. Олай дейтініміз – өлең өлкесіне әйел жанын, оның бұлқыныс атқан сезім сырларын сарапқа салып, ақын «мені» мен лирикалық кейіпкер тұлғасы арасында көзге көрінбес көпір тұрғызған суреткер өте сирек», - деп тұжырымдайды. Міне, бұл Зейнолла Жақсылықұлының ғылыми монографиясында айтылған пайымның бір ғана мысалы, ал шындығында ғылыми негізді талдаудың бірнеше шоғырын келтіруге болар. Ғылым мен ақын шығармашылығына қызыққан оқырманға, кәсіби сала мамандарының қолында «Фариза Оңғарсынова лирикасы» монографиясы (2002) мен «Фариза Оңғарсынова лирикасы» оқу құралынан (2006) жақсы таныс деп есептейміз.

Ғалым бір ғана саланы зерттеп қана қойған жоқ. Зерттеу тақырыбының ауқымын кеңейтіп, қазақ лирикасының теориялық мәселесіне, қазіргі қазақ әдебиетіндегі лириканың зерттелу тарихына да қалам тартты. Докторлық диссертацияның аясында жазылған еңбектің нәтижесінде ғылыми дәреже қорғауға мүмкіндік болмаса да (сол кездегі ғылым саласындағы асығыс реформалар көптеген ізденушілерге қиянат жасады), сол ізденістің нәтижесінде «Қазақ лирикасының даму сипаты және зерттелу тарихы (XX-XXI ғ.басы)» монография (2012), «Қазақ лирикасын зерттеушілер» (оқу-әдістемелік құрал,1-кітап.2011), «Қазақ лирикасын зерттеушілер» (оқу-әдістемелік құрал,2-кітап.2011), «Қазақ лирикасының зерттелу тарихы» (оқу құралы,2012) сынды бірнеше кітаптары жарық көрді.

Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлының ғылыми ізденісі



бұнымен тоқтап қалмады. Еліміздің ғылым саласындағы өзекті идеяларды қолдауға арналған гранттық қаржыландыру аясында 2018 жылы «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру(Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» деп аталатын тақырыпта ұсынған жобасы (3 жылға арналған) конкурстық нәтиже бойынша жеңіске жетті. Қазіргі таңда ғалым аталған жобамен жұмыстану үстінде. Бұл жобада ағай өзінің ғылыми әлеуетінің толысқанын аңғартып, шәкірт тәрбиелеуге мән берді. Өзінің қасына талапты жастарды тартып жұмыстанып келеді. Солардың бірі магистр Ж.Мұханбетова мен философия докторы (PhD) А.Ақболатов, яғни осы жолдардың авторы біз. Аталған ғылыми жобаның аясында өлке әдеби картасы жасақталып, жүйелі түрде зерттеліп келеді. Әдеби өлкетану мәселелері бүгінгі ғылымда өзекті тақырыптардың бірі, себебі жас ұрпақтың бойында отаншылдық, елдік рухты тәрбиелеудегі сөз өнері мұраларының рухани құндылығын ескерсек, ғалымның аталған саладағы ғылыми ізденістері жас ұрпақ үшін, өңірлік рухани мәдениетіміз үшін құнды еңбек боларына дау жоқ. Жобаның алғашқы ізденістерінің нәтижесі «Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы XX-XXI ғасырдың басы)» монография (Ж.Мұханбетовамен бірлестікте,2018,2019), «Әдеби өлкетану: қоғамдық сананы рухани жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы XX-XXI ғасырдың басы)» хрестоматия (Ж.Ө.Мұханбетова, А.Ақболатовпен бірлестікте 2018,2019) түрінде жарық көрді. Сонымен бірге әдеби өлкенің өкілдері «Сатыбалды Даумовтың поэтикасы» (Р.Ашимовамен бірлестікте, 2018), «Айтқали Нәріковтың лирикасы»(А.Рахметовамен бірлестікте, 2019) аталатын ғылыми монографиялары жарық көрді. Зерделі ғалымның бұл еңбектері жалпы білім беру мәселесінде әдебиетті, оның ішінде өлкеміздің сөз өнері мұраларынан тереңдетіп білім беруде білім бағдарламасына септігі тиері сөзсіз. Өрине, бұндай қосымша еңбектерді пайдалану, көдесіне жарату кез келген шығармашылық ізденістегі педагог-ұстаздардың еншісіндегі мәселе.

Зейнолла Жақсылықұлының ғалымдық қырымен бірге, өз саласының кәсіби білікті ұйымдастырушы менеджері екенін атап өткен орынды болар еді. Бұл туралы мақаламыздың жоғарында атап өткендей, ағай «тумысынан дипломат» деген ойымызға кері оралуға тура келеді.

2013-2019 жылдар аралығында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ филология-ясы кафедрасының меңгерушісі, доцент, филология факуль-тетінің деканы қызметін де ғылыми ізденіс жұмысымен бірге басшылық қызметті де алып жүргенін айту ләзім. Факультет құрамына енген қазақ, орыс, шетел тілі филологиясының профессор-оқытушылар құрамына, мыңға тарта студентіне басшылық жасап, оқу-әдістемелік, тәрбие, ғылыми ізденіс саласында шебер ұйымдастырушы ретінде ұжымның есінде қалды. Кафедра, факультет ұжымында бюрократтық жұмыс жүйесін емес,еркін шығармашылық атмосфераға жағдай жасап, студенттер мен олардың ата-аналарының жағдайына жанашырлық, әділеттілікпен үңіле білгенін осы факультеттің қаншама шәкірттерінің аузынан естіп, куә болып жүргенімізді жасыруға болмас.

Сөз арасында ағайдың отбасында бақытты ата, қос ұлдан немерелер сүйген, үйде Гүлдей Жамалының сүйікті жары, үлгілі отбасы екенін айтқымыз келеді.Жеңгіміз зейнеткерлікке шықса да, ағайдың үйдегі ғылыми хатшысы екендігін де айтсақ артық болмас. Зейнолла Жақсылықұлының жоғары жетістікке жетіп, жақсы адам болып, қоғамдық ортада сүйкімінің артуы да, үйдегі отанасымен тығыз байланысты шығар. Бұл мәселе кейінгі бір естеліктердің еншісінде қалсын.

P.S. Айтпақшы, ағайдың мен үшін орны ерекше екенін жоғарыда айтқан болатынымын,сол себепті де екінші ұлымның есімін ағайға өзім арнап қойғыздым. Зекеңдей үлгі тұтар ел ағасы болсын деген тілек қой, біздікі.

Адамгершілік бар жер жанға жайлы демекші, жақсы адамның жақсылығы да жарық күн тәрізді айналасына шуақ шашып жүреді. Адамдар үшін адал қызмет те алдым ба? Мінез-құлқым, істеген әрекетім жұртқа жақты ма? Достарым, ұжымыммен қарым-қатынаста адал болдым ба? Алдыңғы толқын аға буынның аманатын, тәрбиесінен өзім өнеге алып, кейінгіге бере алдым ба? – деген сауалдар төңірегінде ойымызды қорытсақ, иә, Сіз бұл сауалдардың шеңберінде толық адамсыз, ескіні ұмытпай, жаңаны игерген нағыз ұстазсыз. Асыра мақтау деп сөксеңіз де, өз еріктеріңіз. Кемшіліксіз адам болмайтын шығар, бірақ мен таныған Зейнолла Жақсылықұлы осындай жан!

Мерейлі 60 жасыңыз құтты болсын, аға, жақсы адам!

Айдарбек АҚБОЛАТОВ,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ аға оқытушысы,
философия докторы (PhD)

Разработка интерактивной карты о памятниках истории и культуры и святых местах

Ученые ЗКУ им.М.Утемисова начали реализацию проекта «Разработка интерактивной карты (электронной карты) о памятниках истории и культуры и святых местах» по заказу Центра исследования историко-культурного наследия Атырауской области Управления культуры, архивов и документации Атырауской области.

В июле с данным центром был заключен договор и согласована методика этноархеологических исследований по реализации проекта. Были проведены координационный семинар рабочей группы по проекту, организованы рабочие встречи с доктором исторических наук, профессором, директором государственного музея-заповедника «Хан Ордалы Сарайчик» Мухтар Абиљеситом Капезовичем, краеведом Атырауской области, педагогом, общественным деятелем, профессором Атырауского университета нефти и газа Афанасьевым Вячеславом Константиновичем. В августе будут проходить полевые исследовательские работы.



ИССЛЕДОВАНИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ И СВЯТЫХ МЕСТ

Ученые и специалисты ЗКУ им.М.Утемисова проводят экспедиционные и исследовательские и съемочные работы по изучению историко-культурного наследия и святых мест Атырауской области.

На данный момент исследованы памятники историко-культурного и природного наследия правобережья реки Жайык в пределах Атырауской области. Это городище Сарайшик, мавзолей Макаша, мавзолей святого Зейнедена, пещера Кененбай, здание церкви 19 века, Таскран и другие интересные объекты. Исследования продолжаются, по итогам будет создана интерактивная карта историко-культурных памятников и святых мест Атырауской области.



С 29 июня по 9 июля 2020 г. ученым Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова удалось совершить многодневную поездку по маршруту: город Уральск – родник Дадем ағаш – с. Кыземшек, гора Кыземшек – с. Алмазное, гора Алмазтау – с.Кобдародник Асыл су – г.Актобе – родник Исламбулак – с.Родниковка, левый берег реки Бутак – г.Эмба, река Кундызды, гора Даутау (горы Мугалжары) – с. Ойыл, река Ойыл, пески Баркын – с. Миялы, пески Тайсойган -с. Индербор, озеро Индер – река Багырлай – с.Жанаказан, озеро Айдын – с. Хан Ордасы, сосновый бор – город Уральск.

Итоги экспедиции

Приведенный выше маршрут был выбран нами специально, чтобы посетить места, в которых ученые географы и биологи в последние годы практически не работали, тогда как по ряду из них имеются сведения полувековой и даже столетней давности. Помимо автора, в составе этой экспедиции принимали участие кандидат географических наук С.К.Рамазанов, кандидат биологических наук Б.Б.Сарсенова, два аспиранта: М.И.Шпигельман, занимавшийся исследованием орнитофауны (птиц) и А.А. Кабдрахимов, занимавшийся

исследованием арахнофауны (пауков). Проведены ландшафтные и геоботанические описания, фото и видеосъемка объектов, собран гербарий для пополнения гербарного фонда университета, получены полевые данные по фауне пауков, рептилий, амфибий, птиц, млекопитающих. В целом был собран научный материал, который будет обработан, и по итогам написаны научные статьи в рейтинговые научные журналы.

Кажмурат АХМЕДЕНОВ



Ағылшын тілі – ХХІ ғасыр талаптарының және халықаралық қатынастардағы маңызды тілдердің бірі болып табылады. Ағылшын тілі біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы. Қазақстан Республикасының тәуелсіз елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі - ағылшын тілін жетік меңгертуді талап етеді.

Осы орайда ағылшын тілін жетік меңгергісі келетін жастарға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті арнайы мүмкіндік беріп отыр. Батыс Қазақстан университеті көптілділікті белсенді енгізу мен шет тілін игерудің деңгейін жоғарылату мақсатында студенттері, оқытушылары мен қызметкерлеріне ағылшын тілі курстарын ұйымдастырды. 2019 жылдың ақпан айынан бастап Филиппин елінен келген шетел оқытушылары Idefonso Neil Ryan мен Tarroza Rogelio М. Өтемісов атындағы БҚУ студенттері, оқытушылары мен әкімшілігіне ағылшын тілі және IELTS емтиханына дайындық курстарын оқытуды бастады. Сонымен қатар, өткен оқу жылында Италиядан келген Елена Секондо университет студенттері мен оқытушыларына итальян тілінен курс жүргізіп, өз тәжірибесімен бөліскен болатын (сурет 1).

Студенттер оқу жылының басында ағылшын тілінен арнайы тест тапсырып, тілді меңгеру деңгейлері анықталады және соған сәйкес топтарға бөлінеді. Оқу жылы барысында белгіленген сабақ кестесі бойынша шет тілі мамандарынан ағылшын тілінен дәріс алады. 2019-2020 оқу жылында 200 студент ағылшын курстарына белсенді қатысып, ағылшын деңгейлерін жақсартты. Олардың ішінен БҚУ-дың 40 түлегі халықаралық СЕРТ (Cambridge English Placement Test) тестін тапсырды. Түлектерге Дипломмен қоса болашақта еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, заман талабына сай жас маман атануына көмектесетін халықаралық сертификат табысталды. Оқу орнын тәмамдаған 40 түлектің ішінен 9 студент Advanced деңгейіндегі сертификаттарға ие болды.



Сурет 2. Ағылшын тілі курсы қашықтықтан оқу

ШЕТЕЛ ОҚЫТУШЫЛАРЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АҒЫЛШЫН ТІЛІ КУРСТАРЫ



Сурет 1. Студенттердің Филиппин және Италия елдерінен келген шет тілі мамандарымен сұхбаты

IELTS емтиханына дайындық курсынан өткен БҚУ профессор-оқытушылар құрамының мүшелері мен студенттер 2019 жылдың шілде айында халықаралық IELTS емтиханын тапсырып, 10 оқытушы 6.0 және одан жоғары көрсеткіштегі IELTS сертификаттарына ие болды.

2020 жылы білім беру саласы өзгеше бағытқа бет бұрды деп айтуға болады. Мұның негізгі себебі бүкіл әлемді жаулаған коронавирус пандемиясына байланысты. Дүние жүзін шарпыған індет құрсауына іліккен еліміздің білім беру жүйесі тұңғыш рет қашықтықтан оқыту жүйесіне 2020 жылдың 6 сәуірінен бастап көшті. Көз алдымызда білім саласындағы және бүкіл елімізді дүр сілкіндірген тарихи өзгеріс орын алып жатты. Осы жағдайға байланысты барлық санитарлық және денсаулық шараларын сақтау мақсатында білім беру мекемелері онлайн, яғни қашықтықтан оқу жүйесіне

көшті. Шетел оқытушылары жүргізетін ағылшын тілі курстары да сәйкесінше онлайн форматқа ауысты. Оқытушылар тарапынан оқу материалдары алдын-ала дайындалып, Zoom, Teams, Skype бағдарламалары (сурет 2), WhatsApp мессенджері арқылы тақырыптар зерделеніп, студенттер мен оқытушылар арасында «жанды» қарым-қатынас, байланыс орнатылды. Қашықтан оқытудың кейбір қиыншылықтарына қарамастан тілдік курстар тиісті деңгейде жүргізіліп, курс тыңдаушылары жақсы көрсеткіштерге қол жеткізе алды.

В.С.ЗУБКОВ,
Интернационалдандыру және халықаралық байланыстар бөлімінің жетекшісі

А.К.УСЕНОВА,
Көптілділік бөлімінің кеңесші-аудармашысы

Школа-вуз

Дистанционное испытание



живает связь с учителем. Обратная связь осуществляется через разные формы: ватсап, электронную почту, аудио- и видеоконференции. Оценки выставляются в электронный журнал kundelik.kz. Каждый родитель ежедневно может отслеживать формативное оценивание.

В течение года были проведены тематические педагогические советы, которые тщательно готовились, выводы основывались на анализе практических результатов, позволяющих сделать серьезные обобщения, проводились родительские собрания «Как организовано дистанционное обучение в школе», «Итоги учебного года», классные часы «Как я буду обучаться дистанционно».

Современное обучение стало настоящим испытанием для всех: учителя, ученики, родители подстраиваются под новые условия, выдвигаются другие требования к педагогу. Мы - вместе, это самое главное!

Анаргуль КАРЖАУОВА,
директор областной специализированной школы №8
для одарённых детей г. Уральска

В преддверии нового учебного года

Вот и наступает новый учебный год, прошедший год был непростой для всех в связи с пандемией. Теперь надо тщательно проанализировать работу, запланировать много нового. Министерство образования и науки РК предусмотрело три варианта работы в новом учебном году, администрация каждой школы также составила три плана работы школы. По итогам учебного года все понимают, что знания, приобретенные посредством «традиционной» методики преподавания, основанной на передаче и получении готовых знаний, не могут быть эффективными. Многие сегодня зависят от педагога, он всегда в поиске, это учитель-исследователь, консультант, воспитатель, организатор и руководитель; любящий, понимающий, отдающий свое сердце детям. Переход на дистанционное обучение требует от учителя знания особенностей планирования и проведения уроков, умения оценивания. Каждый педагог лишь управляет процессом обучения, направляет ученика, даёт обратную связь, отмечает прогресс каждого ребёнка, стимулирует мыслительную деятельность учащихся разными приёмами и средствами, развивает критическое мышление, функциональную грамотность, повышает собственный профессиональный уровень. Все педагоги области прошли курсы «Учусь учить дистанционно», узнали много полезной информации, получили сертификаты. Главное теперь - не останавливаться на достигнутом, закрепляя полученные результаты, расширяя внедрение в практику новых методов преподавания и обучения, проводя мониторинг происходящих изменений. Неизвестно, как будет складываться жизнь людей в связи с вирусом, но надо быть готовыми ко всему и надеяться только на лучшее. Всё будет хорошо!



Алия КАЙРЖАНОВА,
директор школы-гимназии эстетического
направления города Уральска, ЗКО

Творческий путь и профессиональная деятельность юбиляра - доктора биологических наук, профессора

ДАРБАЕВЫ Талшен Есеномановны

Талшен Есеномановна родилась в 1950 г. 29 июля в пос. Спартак, Приурального района Уральской области. После окончания средней школы поступила в Уральское педагогическое училище, продолжила образование на заочном отделении естественно-географического факультета Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина по специальности «география». Работала лаборантом на кафедре ботаники, в 1981 году была переведена стажером-исследователем, при этой же кафедре.

В этот период была прикреплена к аридной лаборатории Ботанического института им. В.Л. Комарова в г. Ленинграде, затем в 1983 г. поступила в аспирантуру.

Результатом этой работы явилась защита кандидатской диссертации в 1987 г. по теме «Растительность овражно-балочных систем среднего течения р. Урал» под руководством Родина Л.Е. и Камелина Р.В.

После защиты кандидатской диссертации работала на кафедре ботаники.

В 1991 году Талшен Есеномановна было присвоено ученое звание доцента. В 2000 году находилась на должности старшего научного сотрудника в лаборатории высших растений Ботанического института им. В.Л. Комарова РАН в г. Санкт-Петербурге.

На протяжении 15 лет Талшен Есеномановна активно совмещает педагогическую деятельность с глубокими научными геоботаническими и флористическими исследованиями меловых возвышенностей Западного Казахстана, расположенных на территории Западно-Казахстанской области, западной части Актыубинской и восточной части Атырауской областей, а также трансграничных районах Оренбургской, Самарской и Саратовской областей, в пределах Общего Сырта. Результатом этих исследований явилась защита докторской диссертации по теме «Флора меловых возвышенностей Северо-Западного Казахстана» при Ботаническом институте РАН в 2003 года в г. Санкт-Петербурге. Диплом доктора наук признан в Республике Казахстан 7 октября 2005 г. В 2009 году присвоено ученое звание профессора по специальности «Биология».

Научные работы Талшен Есеномановны всесторонне охватывают изучение флоры Северо-Западного Казахстана. Она является уникальным специалистом флористом, систематиком и геоботаником в Западном регионе.

Талшен Есеномановна впервые провела инвентаризацию флоры Северо-Западного Казахстана и выявила 938 видов растений, произрастающих на меловых массивах края.

Впервые для района исследования выделила эколого-исторические свиты, благодаря историческому анализу выдвинула научную теорию о том, что граница заволжско-казахстанских степных флор проходит по юго-восточной части Подуральского плато и Мугоджарским горам, ею же составлен список охраняемых растений, включающий 186 видов, в этом составе 10 видов занесены в Красную книгу РК, а остальные виды включены в Зеленую книгу Западно-Казахстанской области.

В Уральске выпущена монография «Конспект флоры меловых возвышенностей Северо-Западного Казахстана», которая является первым крупным научным

обобщением инвентаризации флоры не только Казахстана, но и сопредельных территорий России (частично Оренбургской и Саратовской областей).

Материалы научных исследований докладывались на заседаниях Института ботаники и фитоинтродукции МОН РК (1986, 2003), на научно-теоретических семинарах Ботанического института РАН (1987, 2002-2003), на конференции повышения квалификации ботаников Московского педагогического университета (1989), на региональной конференции «Легкие нашей



БОТАНИЧЕСКИЙ СЪЕЗД РОССИИ, КАРЕЛИЯ
Ботанова И.Н., проф., д.б.н., Ярмишко В.Т. д.б.н.,
директор БИН им. Комарова, д.б.н., проф. Дарбаева Т.Е.

земли» (Актыубинск, 1992), на международных научно-практических конференциях Пермского университета (1995), Смоленского педагогического института (1998), на международной конференции «Геоботанические основы устойчивого развития Республики Казахстан» (Алматы, 1998), на научных международных симпозиумах «Степи Северной Евразии» (1999-2003), на областных научных конференциях преподавателей и сотрудников ЗКГУ (1980-2003), на ботанических съездах РБО (Российского Ботанического Общества, 1980-2003).

Из перечисленных конференций наиболее значимыми являлись участие Талшен Есеномановны в ботанической конференции в Алматы, где автором рассматривался вопрос о происхождении и истории флоры, растительности Северного Прикаспия, а также выступление на съезде Российского Ботанического Общества, где Талшен Есеномановна раскрывает зональную структуру растительного покрова и дает новые данные для понимания процесса флорогенеза степных флор Северо-Западного Казахстана.

С 1992 года Талшен Есеномановна участвовала в 7 хоздоговорных научных проектах, кроме того, была научным руководителем научных тем (2009-2011) по изучению уникального наследия Западно-Казахстанской области и исследования дубрав поймы реки Урал.

Следует отметить, что профессор принимала активное участие в хоздоговорных научных темах начиная с 1992 по 2005 г. («КИО» (г. Аксай), «Экопроект» (г. Алматы), Министерство охраны окружающей среды (г. Астана).

*Солидный опыт, кладезь знаний,
И череда почётных званий...
Отдали службе много лет,
Нам не сравниться с Вами. Нет.
У вас нет времени для скуки,
Вы — занимаетесь наукой.
Статьи, учебники, доклады...
Сейчас трудиться много надо,
Чтоб без лукавства, без бравад
Иметь в науке результат!
Сегодня — праздник! Нам утеха,
А Вам желаем мы успехов,
Статей научных, монографий,
Почётных грамот, фотографий...
Семь футов под килём — всегда,
Удач — на многие года!*



Являлась руководителем НИР, финансируемого Министерством охраны окружающей среды Республики Казахстан и управлением природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области, на тему «Проведение научно-исследовательских работ по определению состояния дубрав».

В 2009 г. Талшен Есеномановна являлась научным руководителем темы научно-исследовательского характера: «Разработка мероприятий по сохранению уникального живого наследия и восстановлению природных экосистем ЗКО»

С 1987 г. занимается научно-педагогической деятельностью. За этот период опубликовано свыше 150 работ, посвященных проблемам геоботаники и экологии родного края, из них около 50

систематики растений», «Флора мира», «Геоботаника», является куратором гербарного фонда, зарегистрированного в Международной базе данных «Index Herbariorum».

С 2017 года является членом редколлегии «Ботанического журнала» (ISSN 1680-0761), учредителем которого является Российская академия наук (г. Санкт-Петербург, РФ).

Также является членом редколлегии научного журнала «Вестник ЗКГУ» (ISSN 0006-8136), который входит в базу Российского и Казахского индекса научного цитирования.

Сотрудничает с учеными из Санкт-Петербурга, Оренбурга, Польши, Швейцарии, принимала активное участие в проведении совместной российско-казахстанской научной экспедиции по маршруту академика П.С. Палласа, организованного совместно с Евразийским союзом ученых и круглого стола «Итоги совместной российско-казахстанской научной экспедиции по маршруту П.С. Палласа».

Продолжая традиции кафедры, в настоящее время Талшен Есеномановна выполняет научно-исследовательскую работу, особое внимание уделяя вопросам изучения, использования и сохранения биоразнообразия нашей области. Актуальность этих исследований значительно выросла в связи с ухудшением экологического состояния природных экосистем. Как педагог готовит магистров-биологов, являясь руководителем магистерских диссертаций.

Активно занимается общественной деятельностью. Является экспертом рабочей группы по биоразнообразию в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования по Западно-Казахстанской области.

За добросовестный и плодотворный труд Талшен Есеномановна награждена Почетной грамотой МОН РК.

Имеет следующие государственные награды и почетные звания:

1. Диплом ЗКГУ «Ученый, достигший высоких результатов в области науки» - 2006 г.
2. За значимый вклад в развитие вуза награждена медалью «За добросовестный труд» ЗКГУ им. М.Утемисова (26 декабря 2007 г.).
3. Нагрудной значок МОН РК «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан» (21 авг., 2007).
4. Энциклопедия «Лучшие люди Казахстана» 2008 г., Раздел «Славные сыны и дочери Казахстана» стр. 462.
5. Значок «Отличник просвещения Республики Казахстан» (2012 г.).
6. Почетный работник просвещения Республики Казахстан (2012 г.).
7. За значительные успехи в деле обучения и воспитания подрастающего поколения награждена нагрудным знаком ы.Алтынсарина (15 августа 2017 г.).

От всей души хотим пожелать Талшен Есеномановне крепкого здоровья, благополучия и дальнейших научных свершений.

*Сотрудники кафедры
биологии и экологии*



Полевая практика со студентами, заказник «Дубрава»

опубликованы в изданиях, утвержденных в перечне научных изданий ККСОН МОН РК.



**Полевые исследования, на фото Дарбаева Т.Е.,
Фартушина М.М. и магистранты**

Свыше 20 статей опубликовано в изданиях дальнего и ближнего зарубежья. На основе своих исследований опубликовано 10 коллективных и личных монографий.

Читает курс лекций для магистрантов специальности «Биология» и «Экология» по дисциплинам «Биологические основы

1 қыркүйек күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Білім күніне арналған онлайн шара өтті. Оған университет ректоры Нұрлан Серғалиев, университет проректорлары мен факультет декандары, ұстаздар мен студенттер, ата-аналар қатысты.

Білім – өмір шырағы



Салтанатты шарада алдымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріліп, Әнұран орындалды. Одан әрі М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы шараны құттықтау сөзімен ашып, білім – қоғам дамуының негізгі өлшемі, ал жастар болашағы – білім мен бәсекеде екенін айта келе, студенттерге жаңа оқу жылында сәттілік тіледі. Сондай-ақ, ақын, «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлығының иегері Ақұштап Бақтыгереева, студенттік ректор Жандос Меңдешұлы студент-жастарды айтулы мерекелерімен құттықтап, білімін жетілдіру жолында талмай ізденіп, үлкен табыстарға жетуіне тілек білдірді.



Шара аясында университет студенттерінің ұйымдастыруымен шағын концерт ұсынылып, мерекелік көңіл-күй сыйланды.

Бүгінгі заманның талабы – бәсекеге қабілеттілік екені шындық. Осы орайда, дамыған елдердің білім-ғылымын, озық технологияларын игеру, оны танып-біліу қажет. Қазіргі жаһандану үдерісінде білімді де білікті, кәсіби шеберлігі жоғары, өзіндік ғылыми көзқарасы мен пайым-талғамы биік мамандар тәрбиелеу жолындағы іс университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамының басты мақсаты болмақ.

Ендеше, біздің студент-жастарымыз алдағы уақыттарда білім және ғылым жолында көптеген толағай табыстарға жетеді деген ойдамыз, әрі олардың биік шыңдарды бағындырарына сенімдіміз.

Жаңа оқу жылы құтты болсын, жас түлек!

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Дұрыс таңдау – болашаққа бағалы үлес

Адам баласы өмірде екі нәрседен жаңылмауы керек. Соның бірі – мамандық таңдау. Бүгінгі мектеп бітіретін шәкірт – ертең ел тізгінін ұстайтын маман. Сондықтан олардың біліммен жақсы қаруланып, елге қызмет етер азамат болып өсуі, өмірден өз орнын табуға дайын болуы қажет. Бұл тұрғыда бұрынғылардың өнегесі «Білімсіз бақыт әлдекімнің азығы, білім – бақыттың жібермейтін қазығы» десе,

бүгінгі күннің ұраны: «Тәуелсіз елге – білікті маман» – дейді. Ендеше, екі мағыналы сөз де мамандық таңдаудың адам өмірінде алар орны ерекше екендігін айқын көрсетеді. Ал білім сағат сайын жаңарып отырған заманда болашағына үлкен қадам жасайтын жас түлекке алдымен мамандықты, сонан соң сол кәсіптің қыр-сырын меңгертетін жоғары оқу орнын таңдау – үлкен жауапкершілік.

Өмірі қызу қарбаласқа, жарқын жаңалықтарға толы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы биыл да жалпы білім гранты конкурсында 1700-ге жуық талапкердің өтінішін қабылдады. Олардың 321-і орта білімі бар, яғни колледж түлектері болса, 205-і университет, ал қалғаны мектеп түлектері. Ағымдағы жылы университетімізге 460 мемлекеттік білім

гранты бөлінді. Оның ішінде 56 түлек «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» жобасымен, 220 түлек педагогикалық квотамен қабылданды. Сондай-ақ, жергілікті атқару органдарының грантымен қабылданған студенттердің сандық көрсеткіштеріне келер болсақ, Батыс Қазақстан облысы бойынша – 9, Маңғыстау облысы бойынша – 6, Атырау облысы бойынша – 5, барлығы 20 студент оқуға қабылданды.



Ақын, жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ Абай Құнанбаев – қазақ топырағында түлеген біртуар перзент. Қоғамның әлеуметтік, моральдық мәселелерін шығармашылығына арқау ете отырып, халқының жүрегінен өшпес орын алған таутұлғаның 175 жылдық мерейтойын атап өтуді қолға алған ақын ұрпағы бай мұрасына тереңнен бойламақ. Жастарды рухани құндылықтарға баулу ісіне мол үлесін қосып жүрген М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор Абат Қыдыршаевпен сұхбаттасып, Абай әлемін зерделеп көрдік.

Абайдың рухани мұрасы тұлғаның тағдырын өзгертеді



– Абат Сатыбайұлы, биыл ұлтымыздың ұлы кемеңгері Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай Абай тағылымы турасында көп-теп айтылуда. Өскелең ұрпаққа ақын әлемін өз қалпында тану оңай олжа болмайтын сыңайлы. Алдымен, ел болып есімін ұлықтаған «Абай қазақ халқы үшін қандай тұлға?» сауалы төңірегінде ой өрбітсек.

– Әрине, кез келген қазақ баласын ойландыратын сауал. Абай бабамызды ақын, ағартушы, композитор ретінде ғана қабылдайтындар бар.

Көзіміздің жеткені Абайдың рухани әлемі – өз бетінше тылсым дүние. Бүгінгі рухани жаңғыру кезеңінде ойшылдың әлеміне кең тұрғыда үңілу керек-ақ. Терең де тұңғыық ойларын еркін түсіну, бойға сіңіру үшін жаңа ұрпаққа дұрыс түсініктеме беру қажет. Кемеңгердің мол мұрасын бүгінгі және кейінгі жаңа ұрпаққа ұғындыру – қасиетті парыз.

«Абай қазақ халқы үшін қандай тұлға?» сауалы турасында ойлана қарасақ, қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековтың ой-орамы еріксіз есімізге оралады. Ғалым: «Абайды қалай мақтасақ та, қалай мақтансақ та лайықты қайраткер. Шын мәнінде Абай – өзінің атасынан кемеңгер, анасынан дана, еліне пана болып жаратылған, өз заманынан озық туған ғұлама. Халқының мұңшысы, ұлы ақыны. Қазақ үшін дертті болған, дерттен айыға алмай, жан-жарасы жазылмай кеткен, кеудесі қайғы мен қасіретке толған қазақ тарихындағы ең трагедиялық тұлға. Өз ұлтын өркендеген өнегелі елдердің қатарында көруді көксеген ойшыл еді. Қазақ қоғамы, оның болмысы мен келешегі туралы соншама терең толғанған, ұлтының табиғатын, жаратылысын дәл таныған, елі үшін күйіп-піскен, азапқа да түскен, қасірет шеккен, қазақтың кемшілігін жанға батырып, бүкпесіз ашық айтқан Абайдан асқан тірі пенде болған жоқ», - деп аса дәлдікпен бағалады.

Меніңше, Абайдың рухани мұрасы тұлғаның тағдырын өзгертеді. Озық шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлыша айтқанда: «Ойыңды түзе, сөзіңе айналады. Сөзіңді түзе, ісіңе айналады. Ісіңді түзе, әдетіңе айналады. Әдетіңді түзе, мінезіңе айналады. Ал, мінезің – сенің тағдырың» деген. Әркез жадымызда ұстар дәйекті тұжырым.

– ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы арқылы Абай Құнанбаевтың мерейтойын лайықты атап өту, ұлтымыздың ой-өрісін кеңейтуде салмақты ойымен бөлісіп, ақынды терең тануға мән беруді қажет деп тапты. Мемлекет басшысының мақаласына алып-қосарыңыз бар ма?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы мерейтой иесіне арналған шаралардың жай той тойлау үшін емес, керісінше, рухани тұрғыдан дамуымызға бағытталған әрекет жасау қажеттілігін анықтап бергендей болды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу – мемлекеттік маңызы бар мәселе. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Абайдың ой-тұжырымдары – баршамызға қашан да рухани азық. Ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын ой елегінен өткізген жөн», – деп түйін келтірді.

Расында да Абайдың бізге жеткен рухани мұрасы, яғни, өлеңдері мен қара сөздері көкірегі сезімді, тілі

орамды жастарға үлгі-өнеге бермек үшін жазылған. Бұл ретте, Абайдың рухани әлемі – жаңа ұрпаққа айқын да басым бағдаршам, бағыт-бағдар сілтеуші. Сананың рухани жаңғыруына қатысты жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай данышпан әлдеқашан айтқан. Ал, ғұламаны түсіну үшін ұғым қажет. Сонда рухани жаңғыруға қатысты жан қинап жүрген қай күмәннің де күллісіне жауап таба аламыз. Олай болса, Абай мұрасын қазақ халқының рухани өмірінің, жас ұрпақтың рухани баюының күре тамырына айналдыра білуіміз қажет. Туғанына 175 жыл толған Абай сынды ұлы ойшылымыздың жазған туындыларын, түйген тұжырымдарын қазақ халқының күнделікті өмірінің кодексі ретінде пайдалана алсақ, күллі саяси-әлеуметтік өзгерістерінде ұлы Абайдың ілімі ешбір мұқалмай, қайта саяси өмірдің іргетасына айналып, жаңаша құбылып отырмақ. Нәтижесінде қазақ елінің қарқынды өркендеу екпінінің еселене түскенін көреміз.

– Ұлтымызда қараңғы қазақ көгіне күн болып өрмелеген біртуар елжанды тұлғалар қатары баршылық. Десе де, Абай атамызды қазақ халқының алыптарынан дараландырып тұратын қандай тылсым?

– «Абай – дана, Абай – дара қазақта» деп тегін айтылмаса керек, сірә! Кемеңгер Абай – біртұтас тұлға, ой алыбы. Ақынның ұлылығы – мол рухани мұрасы арқылы күллі болмыс заңдылығын толық қамтуы, көктегі Темірқазық жұлдызындай өміріміздің адастырмас межесі бола алуында. Абай мектебі – тағылымды өмір мектебі.

Абайдың хакімдік тағылымы шоғырланған қара сөздеріндегі түбі терең түйдекті түйіндері көкейге қонымды, көңілге жағады. Бүгінде бірегей ірі тұлғаларымызды Абай өнері деңгейімен бағалауымыз, шынайы шығармашылық биіктікті Абай биігінен қарауға ұмтылысымыз қуантады. Ендігі кезекте Абайдың хакімдік мұрасынан, нәрлі рухани бұлағынан халықтың сусынын мейлінше қандыруды есте ұстауымыз керек.

Егер де адам мақсатына рухани жағынан өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, кімде-кім әуелі білім алу арқылы білместіктен арылуы қажет. Демек, осы арнадан таратсақ, әркімнің өз бақытын өзі жасары даусыз.

Абай – рухани бай адамның моделін ұсынушы. Ойшыл, ең алдымен, адам болмысына, адам тұлғасына, «толық адам» формуласына баса назар аударады. Біздіңше, Абайдың «толық адамы» – адал, ізгілікті, жаны жақсылыққа құмар, өз ісіне сенімді, ширақ қимылды аса зерек жанның сипаттамасы. «Толық адам» тұжырымдамасы, шындап келгенде, адам іс-әрекетінің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы тиістілігі әбден қолдауға лайық.

Абай данышпан айтады: Білгейсің, «мақсат – алыс, өмір – шақ». «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым демектің бәрі де – ақымақшылық». «Ақыл – жан қуаты, ақыл – жүректің суаты» дей келе, «адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады». «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт себеп бар: бірінші – көкірегі байлаулы беріктік, екінші – ғибратлану, тұшынып, ынтамен ұғу, үшінші – бірнеше қайтара ойланып, көңілге бекіту, төртінші – ойдың кеселді нәрселерден қашық болуы керек» деп пайымдайды.

Абайша ой сабақтасақ, қашан да «біріңді, қазақ, біріңді дос, көрмесен, істің бәрі бос» болары аян. Бұл

жолда «қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл, шәкіртсіз ғалым – тұл». Рухани білім қорын көкіректе молынан жинауда адам баласы уайымсыздық, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, қайғыға салыну, құмарға берілу секілді ой кеселдерінен аулақ болғанға не жетсін!

– Ұлтымызды жаңғырту ісінде Абай еңбектерін негізге алып, жас ұрпақты тәрбиелеу жолымен ұштастыру туралы айтып қалдыңыз. Ақын еңбектерінің мазмұнына тоқталсақ.

– Абай туындыларының мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтарға толы. Әсіресе, қара сөздері – әлем халықтарының ортақ қазынасына айналып, классикалық үлгідегі өнегелі ойлар шоғырына баланады. Нақыл сөз, ғибратты сөз, ғақлия сөздер деп әрқилы аталғанымен, бұл – ерекше жанр. Абай қара сөздерінің басты миссиясы – ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ойшылдың қара сөздері – аса құнды еңбек.

Жас ұрпақтың бойында сауал сансыз. Сананың рухани жаңғыруы дейміз, қалай рухани жаңғыруға болады? Жастар философиядан гөрі нақтылықты қалайды. Ал, аға буын қауымы нақтылықтан бұрын жалпылыққа, философияға түсіп кеткенімізді байқамай қаламыз. Жасыратыны жоқ, жігерлі жастардың нақтылы сауалдарына күмән келтіріп жатамыз. Шынында да, алақандарына салып бермесек те, нақты не айтуға болады?

Абай дананың бір дәлелді сөзі «бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен: елбасы, топбасыларына тоқтай білетіндігі мен намысқойлығы» тұрғысында өріледі. Сөйкесінше рухани ойшыл намысқой, дұрыс сөзге құлақ қояр жаңа ұрпақ өкілдерінің бойына рухани азық болар білім қазынасының молынан қорлануына бірден-бір алғышарт іспетті кешенді дағдылар тізбегін ұсынады. Бұл саптағы ойларды қызыға, беріле, көкірегіңе бекіте оқисың, ғибраттана, тұшына, ынтамен ұғуға тырысасың, оқу барысында бірнеше қайтара ойланып, көңіліңе бекітуге ұмтыласың, оқу үстінде ойға келген кеселді нәрселерден қашық болуды жөн көресің...

Ой ұстасы Абай айтады: «Ұққайсың, әркез жадыңда ұстағайсың, «Үміт ұзу – қайратсыздық». «Ішсем, жесем, ұйықтасам – тән құмары, Білсем, көрсем, үйренсем – жан құмары». «Адамға ақыл керек, іс керек, мінез керек». «Қайғысыздан сақ бол, қайғылыға жақ бол». «Мақтан құма, керек қол». «Жақсы сөз жалын мен оттан жаралады». «Тұрлаусыздың қолынан түк келмейді». «Ұйқылы-ояу ұқпай жатып жалығады». «Ойынға ойсыз құмар». «Пайда ойлама, ар ойла». «Арлану – ақылдының ісі». «Кекшіл болма, көпшіл бол» дейді. Ақырында Ұлы Дала данышпаны: «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой – бес асыл іс, көнсеңіз» деп түйіндейді. Бұлар – рухани бай адамның бойында болуы тиіс қасиетті де қастерлі толық тұлғаға тән адами биік дағдылар.

Абай бүгінгі жаңа ұрпақты иманды болуға баули отырып, «Қағида тұтқайсың, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас». «Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ». «Иман – парыз». «Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта!» «Құдайдан қорық, пендеден ұял: балаң бала болсын десең, оқыт, мал аяма!» «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбек қылсаң, қара жер де құр тасымайды» деп тұщымды сөздің түйінін тарқатады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Дереккөз: el-zhane-mugalim.webpress.kz

Оқу, білім - жанған шырақ, ойласаң

Білім – адамзаттың мәдениет тарихында ең ауқымды ұғымдардың бірі болып табылады. Ол - сана, ойлау, ақиқат, парасат, ғылыми және тағы да басқа күрделі әрі терең ұғымдармен тығыз байланыста. Бұрын кез келген адам білімді ала алмаған. Ал қазіргі таңда жалпыға ортақ болды және әрбір адамның білім алуына мүмкіндігі туды. Мысалға айта кетсек, қазір мемлекетімізде 180 - ге жуық жоғары оқу орындары бар. Сондықтан қазіргі таңда егеменді еліміздің әр азаматы кез келген жоғары оқу орнында еркін білім ала алады.

Әр адамның өмір жолында: «Мен қандай мамандық таңдаймын, қандай оқу орның таңдағаным жөн?» деген сияқты сұрақтар ойға келеді. Менде сол секілді сұрақтарға жауап іздедім. Сөйтіп, туризм мамандығымен Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне түсуді шештім.

Мен БҚУ – ды неге таңдадым? Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті облысымыздың ең ірі жоғары оқу орны және аймақтағы оқу – ғылыми орталықтың бірі болып табылады. Ең бастысы - жоғары және сапалы білім. Соңымен қатар, университет оқу - білім және материалдық базасымен осы заманға сай толық

жабдықталған. Атап айтар болсақ, 8 оқу ғимараты, оқу және ғылыми - зерттеу зертханалары, 1 миллионнан астам кітап қорын құраған ғылыми кітапхана, 9 оқу залы, оның ішінде, электронды зал, компьютерлік кешен, интернет және мультимедиялық сыныптар бар. Сонымен қатар, осы оқу орнына еліктіретіні - Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарымен халықаралық қарым-қатынасты нығайтып, дамытуда. Яғни, Германия, АҚШ, Испания, Италия, Түркия, Қытай, Ресей, Украина сияқты мемлекеттерде білім алуға мүмкіндік бар.

«Оқу, білім – жанған шырақ ойласаң,
Үйренерсің, іздеп көрсең – қалмасан,
Қу өнерді, бу белінді, жігер сал,
Пайда аларсың, қаужанарсың, тоймасаң.. » - деп қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Жүсіпбек Аймауытов атамыз айтқандай, осы оқу орнында оқи отырып, алдағы қойған мақсатыма қол жеткізіп, таңдаған мамандығымды терең меңгере аламын деп үміттенемін!

Айнагүл ТУЛЕГЕНОВА,
Туризм мамандығының I курс студенті

Тамшы өмір

Жас балаша ойнақшыған жаңбыр тамшылары. Кеш. Айналада олардан өзге қыбырлаған тірі жан көрінбейді. Аспаннан төгілген нұрға қыз көңілі қаншалықты қуанышты болса да, жүрегінде соншалықты шер бар еді. Ысқыра соғылған аңызак жел сай-сүйегін сыздатса да,сүйген жанның ұстаған қолдары бойын махаббатқа бөлеп, әлемнің бар жылуын таратқандай. Екеуі үнсіз... Үнсіз түнмен сырласып келеді. «Бізге де көңіл бөліндерші, ей, қос ғашық» дегендей асфальтқа соғылған жаралы жанның жасындай болған тамшылар тырс-тырс етеді. Бүгінгі күннің құлазуындай қыз көңілі де ерекше алаң-ды.



Ақ жауынның әр тамшысы қыз жүрегінің түкпіріндегі бір ескі жара жанын жегідей жеуде. Ол жауынды өзгелерден ерекше ұнататын. Жаңбырдың тырсылын естігенде шыбын жаны өз үйінде тыныш таппай тыпыршитын, өрттен қашқан адамдай үйден атып шығып, шелектеп жауған жауын астында қолшатырсыз әр тамшыны жанымен сезіп жүргенді ұнататын. Оның сол кездегі құлай сүйген серісінің де көңілін осы құбылыс жұбататын. Иә, ол сол шаң басқан кітаптар арасынан табылатын ескі әңгіме болатын. Ұмытуға шақ еді, бірақ бүгінгі сәт ұмыттыруға мұрша бермеді. Жат қолдан оның қолын қызғанғандай, пәк сезіммен қосылған қос алақанды ақ нәсердің әр тамшысы жарып бақты. Ол кезде бұл қалаға енді ғана қыз жүрегі көндіге бастаған, «жатшылықпен» кеудесінен итерген бұл мекенге бар махаббатын арнаған. Алайда сол оқиға оның жүрегін қайта кескілеп, өзге мекен екенін ұқтырған. Бірақ, сол жанның ізгі махаббаты қыз көңілінің құздан құламауына көмектесті. Иә, бұл - ескі жылдардың елесі. Ұзақ уақыттан есіне салған осы нәсер. Қыз үйге жабыға енді. Көңіліндегі күннің нұрындай шуақ шашқан



Жарқын болашаққа қадам

Әр адамда арман болады. Сол арманға жету үшін сатылап көтеріледі. Менің алғашқы сатым мектеп болды, ал енді жоғары оқу орны. «Әр адам баласы өзінің өмір жолында жар таңдаудан жөне



мамандық таңдаудан қателеспеу керек» - дейді. Мен арманыма жету жолында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетін таңдадым. Себебі, 90 жылдай тарихы бар университетке өз тағдырымды тапсырғандай болдым. Сапалы білім, білікті мамандар арқылы өз армандарыма тағы бір саты көтерілдім.

Алғашында арман қуып басқа қалаға кетсем дейтінмін. Кейін М.Өтемісов атындағы БҚУ-ға оқуға түстім. Еш өкініш болмады. Керісінше, қуаныштан жыладым. Менің қай қалада, қай оқу орнында оқитыным емес, қандай ұстаздардан дәріс алып, сұранысқа ие маман болуым маңызды екенін ұғындым. Мектепті аяқтап қазіргі таңда жарқын болашағымның алғашқы қадамын жасадым. Университеттің артықшылығы - шет-шетінен мықты ұстаздар мен Қазақстанның өзге қалаларынан «мен» деп жанып тұрған студенттер жиналған.

БҚУ - мен үшін ең бірінші сапалы білім беріп қана қоймай, мықты мамандарды даярлап шығаратын оқу орны.

Ұлдана ӨТЕМИСОВА,
Филология факультетінің I курс студенті

Үздіксіз қозғалған көліктер, бақыттың бал шағын өз аспанында әуелеткен қанатты достар, періштелердің сыңғыр күлкісі... Бәрі өзінше бақыт әнін шырқауда. Тек қыз жүрегі бұл әуеннен жат. Қалың ой жетегінде ештеңе естір емес. Көз алдында қол ұстасып, махаббат әнін шырқаған мекен, сезімнен құралған бұлыңғыр естеліктер. Қыздың пәк жүрегіндегі сезімдей жүйіткіген көлік. Қатты дауыс. Қараңғылық. Жансыз бейне...

Жүрегінің әр симфониясын ақша бұлттарға жазған қолдары, бақытты мекенге бастайтын аяқтары, тіпті, сағым естеліктердің қоймасында да өзінше ауырлық сезілді. Қос жанарын ашуға тырысты. Алғашында қиынға түсті. Басынан алған жарақаты бар жан дүниесін сыздатып барады. Ештеңені ұғынар емес.

Жарық. Тыныштық. Айналада бұдан өзге қыбырлаған тіршілік атаулы көрінбейді. Есік айқара ашылды. Ақ жүректі абзал жандар ішке көңілді енді:

-Иә,бұл таңқаларлық жағдай. Сұм ажалмен қарсы келіп, оны жеңу... Бұндай нәтижені күтпедім, - деп жүрегінен мейірім шуағы шашылған абзал жан таңданысын жасырмады. Ақ пейілді ардақтылар қыз жанына жақындап, күлім қаққан жүздерімен хал-жағдайын сұрап жатты.

-Ендеше,сіздерді жеке қалдыруға рұқсат етсеңіздер. Сіздердің айтар жан сырларыңыздың көбіне шүбә келтірмеймін.

Бөлме. Ақ мамықтар төселген көрпе үстінде жан ауырлығын сезінген қыздың жансыз бейнесі мен үнсіздік иесі...Тыныштық... Және тағы үнсіздік...

-Жапырағым, сен жақсысың ғой.... Мені түсінерің анық... Білемін, жауапсыз сауалдарың көп-ақ... Бірақ, өткенді келместің кемесіне салып, болашақтың ағысына бірге жүзуге қалай қарайсың? Иә, үнсіздікпен кетті.. Жүрегімнің саған деген әуенін тыңдатпадым. Алайда сол күні сенің қаншалықты қымбат екеніңді ұқтым. Кешірші,жапырағым.Сен жақсысың ғой...

Тағы үнсіздік. Бұл жолы бақыт үнсіздігі. Аспаннан төгілген бақыт тамшылары. Сезімнің жұпар иісі. Кездесуден басталған бақыт жолы...

Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,
Филология факультетінің 3-курс студенті

Педагог, идуший в ногу со временем

О прекрасном педагоге Агиле Мустахимовне Нургалиевой с особой теплотой отзывается огромное количество людей, являвшихся в разное время ее коллегами по работе. Ее имя хорошо известно среди представителей научного сообщества - историков не только нашей республики, но и за ее пределами. Жизненный путь Нургалиевой Агилы Мустахимовны очень богат и насыщен самыми замечательными событиями. Ее трудовая биография может послужить образцом для тех, кто хочет добиться успехов на профессиональном поприще.

Ее богатейшая библиотека оказала неоценимую помощь многим поколениям студентов. Без сомнения, многие из ее студентов вспомнят «Китайские чаепития», «Мифологические вечера», имитационные игры «Суд над Генрихом Шлиманом», «Суд над Мао Цзедун», «Пресс-конференция с Периклом». Использованию игровой методики посвящен ряд публикаций А.М.Нургалиевой.

Как человек, шагающий в ногу со временем, Агила Мустахимовна уделяет большое внимание интерактивным методам обучения студентов, игровой методике с использованием компьютерных технологий. Ею проводится целый ряд лекций в форме презентации для преподавателей университета, выпускников-историков и учителей города. Студенты активно пользуются учебно-методическим пособием «Система лекций-презентаций по новой истории стран Азии и Африки». Большой спрос также имеет и другое учебное пособие - «Ближний Восток в системе международных отношений».

За годы своей работы в университете А.М. Нургалиева вела и ведет многочисленные учебные курсы: история древнего мира, история первобытного общества, история стран Азии и Африки в средние века, история стран Азии и Африки в новое и новейшее время, Ближний Восток в системе международных отношений, АТР в современном мире, история мировых религий, современные конфликты и методы

их урегулирования, современные взгляды на фундаментальные проблемы всемирной истории, Современный Восток: процессы и проблемы, новые направления в зарубежной историографии, организация и планирование научных исследований.

В связи с переходом на полиязычное обучение доктор Нургалиева взялась за чтение лекций и проведение практических занятий на английском языке для студентов историков и международных отношений. Она ведет курсы «Middle East in the system of international relations» и «Modern and contemporary history of Asia and Africa».

Агила Мустахимовна – безусловно, многогранная личность. Будучи отличным педагогом, состоявшимся ученым, прекрасным организатором, она еще пишет стихи.

Агила Мустахимовна активно занимается научно-исследовательской работой, участвует в работе научных конференций как в рамках университета, так и на республиканском и международном уровнях. Сфера ее научных интересов широка. В нее входят проблемы преподавания всемирной истории, история ислама в Казахстане, межконфессиональные отношения, локальная история. В список опубликованных ею работ входят 105 названий, в том числе монографии «Очерки по истории ислама в Казахстане» и «Конфессиональная политика России в Казахстане XVIII – начала XX веков: противоречие ожиданий и реальности», ставшие ее весомым вкладом в развитие не только казахстанской исторической науки, но и религиоведения. За заслуги в научно-исследовательской работе она получила награды: Нагрудный знак «За доблестный труд» за успехи в научно-педагогической деятельности (2010) и Нагрудный знак «За успехи в развитии науки Республики Казахстан» (2012).

Агила Мустахимовна принимает участие в работе экспертной комиссии ЗКУ, чем вносит большой вклад в улучшение учебно-воспитательного процесса в родном университете, кроме того, она



на протяжении многих лет осуществляла руководство научно-методическим семинаром на кафедре.

Важным критерием работы преподавателя является организация и руководство студенческой научно-исследовательской работой. Опытный педагог и исследователь использует свой научный и педагогический потенциал, чтобы научить студентов мыслить и действовать нешаблонно, выработать у них умение ставить и творчески решать исследовательские и творческие задачи, помочь желающим определить свои научные интересы. По ее мнению, научно-исследовательская работа содействует формированию готовности будущих специалистов к творческой реализации полученных в университете знаний, умений и навыков, помогает овладеть методологией научного поиска, обрести исследовательский опыт.

Под ее руководством студенты участвуют в конкурсах НИРС, которые проводятся в университете, других вузах, регионах и на международном уровне.

В настоящее время она продолжает выполнять огромный объем учебно-методической и научно-исследовательской работы. Она является не только талантливым педагогом, но и ученым с большой буквы.

ТЕРЕЦЕНЕН МАРЖАН ТЕРГЕН

Жаңабек Жаңабайұлы Жақсығалиев - 1975 жылы Орал облысы Қаратөбе ауданы Саралжын (Мұхит) ауылында дүниеге келген. 1995 жылы Орал педагогикалық институтын үздік дипломмен тәмамдаған. 1995-1999жж. ОПИ жанындағы педагогикалық лицейде тарих пәнінің мұғалімі болып еңбек еткен.

Республикалық «Жыл мұғалімі-99» байқауының Гран-при жүлдегері. ҚР білім беру ісінің үздігі (1999). «Мұғалім-зерттеуші» номинациясының иегері (Астана қаласы, 1999).

1999-2002 жж. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің аспиранты. Тарих ғылымдарының кандидаты (2003).

2001-2002 жж. республикалық «Қазақ тарихы» журналының ақылдастар алқасының мүшесі. 2006-2010жж. аталмыш журналдың Батыс Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хаты (2015) мен ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алғыс хаттарының (2019) иегері. Қазақ хандығына 550 жыл мерекелік (2015) және ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері



төсбелгілерінің (2017), Ерен еңбегі үшін медалінің (2018) иегері.

Бүгінде М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың доценті, 100-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік, тарихи-танымдық мақалалары мен ондаған оқу-әдістемелік құралдары жарық көрген. Соның ішінде «Қазақстан тарихы (оқу-әдістемелік құрал)», «Батыс Қазақстан облысының тарихы (мектеп оқушыларына арналған)» және ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Өлкетану» оқулығы (соңғылары бірлескен авторлық ұжыммен жазылған) бар.

Батыс Қазақстан облысының қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өмірінде ерекше белсенді: Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі және тұрғындардың әлеуметтік мәселелері және әлеуметтік жағалар бойынша комиссиясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясы БҚО филиалы жанындағы мәдениет пен өнерді дамыту мәселелері жөніндегі «Мирас» аймақтық қоғамдық кеңесінің мүшесі, Батыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының мүшесі, Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени мұраларын, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және мемориалдық тақталарды орнату мәселелері жөніндегі комиссияның мүшесі, Батыс Қазақстан облыстық «Рухани жаңғыру» сарапшылар комиссиясының мүшесі, Орал қаласы әкімі жанындағы ономастикалық нысандардың тарихи және дәстүрлі атауларын қалпына келтіру бойынша ұсыныстарды зерделеу және пысықтау жөніндегі қалалық жұмыс тобының мүшесі.



Тұрар Төлегенұлы Шайхиев 1994 жылы Алматы қаласындағы әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «Саясаттану» мамандығы бойынша бітірген. Ол сол жылдың қыркүйек айында А.С.Пушкин атындағы ОПИ-ның саясаттану және әлеуметтану кафедрасына оқытушы болып қабылданды. 1994 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін М.Өтемісов атындағы БҚМУ – да аға оқытушы қызметінде еңбек етіп келеді.

Ол қазақ тілінде дәріс, семинар сабақтарын жүргізеді. Көптеген орыс тілінде жазылған оқулықтарды қазақ тіліне аударып, дәріске қажетті материалдар жинақтаған. Оның өткізген сабақтары «Оқытушы студент көзімен» атты сауалнама жүргізу арқылы, әрі сабақтарына қатысқан оқытушылар тарапынан ғылыми – теориялық және қолданбалы

ЕЛІМІЗДЕГІ ЭТНОСАРАПҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ ҒЫЛЫМИ ЗЕРДЕЛЕГЕН ЗЕРТТЕУШІ

- әдістемелік тұрғыдан жақсы бағаланды. Сонымен қатар кредиттік жүйемен сабақ жүргізіп, «Әлеуметтанушы» мамандығы бойынша арнайы курстар бағдарламаларын жасақтады.

26 жыл еңбек өтілі аралығында Тұрар Төлегенұлы профессор Б.Ғ.Шынтеміровамен бірлесе отырып «Саясаттану», «Құқық теориясының негіздері» және «Әлеуметтану» атты 3 оқу – әдістемелік құралын және «Социология» электронды оқулығын жазды. «Ағартушы» баспаханасында «Жергілікті өзін – өзі басқару: әлемдік тәжірибе, құқықтық негіздері» атты оқулығын шығарды, діни экстремизм мәселесіне қатысты 1 ұжымдық монография, саясаттану пәнінен 1 терминологиялық сөздік жазуға қатысты. ЖАК тізіміне кіретін республикалық басылымдарда және «Ізденіс», «БҚМУ хабаршысы» журналдарында 25 ғылыми мақалалары жарияланды, әрі жергілікті баспасөздерде еліміздің қоғамдық – саяси өміріне қатысты пікірлері шығып отырды.

1995 жылдан бастап, елімізде өткен Президент, Парламент және жергілікті мәслихаттар сайлау науқандарына белсене қатысып келеді. Шайхиев Тұрар Төлегенұлы қоғамдық – саяси белсенділігі үшін ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылғы 25 тамыздағы Жарлығымен «Конституцияның 10 жылдығына»

мерекелік медалімен және ғылыми зерттеулер мен оқу – әдістемелік жетістіктері үшін М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры тарапынан «Адал еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталды.

Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жастарға білім беру мен тәрбиелеуде қосқан зор үлесі үшін 2005 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің алғыс хатымен марапатталды. 2005 жылы «Ғылым» және 2006 жылы «Үздік оқу құралы» номинацияларын жеңіп алды. 1010 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлері 5515 әскери бөлімінің командирі Б. Әбжановтың алғыс хатына ие болды.

Т.Т.Шайхиевке 2014 жылы 5 шілдеде М.Өтемісов атындағы БҚМУ Ғылыми кеңесінің шешімімен М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағы берілді.

Т.Т.Шайхиев М.Өтемісов атындағы БҚМУ –да 25 жыл қатарынан үздіксіз қызмет атқарып келеді және өз ісіне адалдығымен, кәсіби біліктілігімен жоғары оқу орны ұстазына толық лайықты екендігін көрсетті. Қазіргі таңда Т.Шайхиев - «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері және қоғамдық бастама негізінде БҚО ҚХА жанында құрылған Ғылыми – сараптамалық топтың мүшесі.

Баладан данаға, даладан қалаға...

Көңіл құрғыр құрақ-құрақ... Өмірде сан мыңдаған параллель тағдырлар ғұмыр кешіп жатыр. Пендені пақырлықтан ада етер – дүниеге деген ниеті. Ниеттен туындайтын сағыныштың құдіреті тағдыр карантинге көнгелі өршіп барады.

I курс деп бастайын... Мен де жұрт секілді Алатауды армандадым. Бірақ, қыр көрген қоңыр көздеріме ерке Жайықты сүюді бұйыртты. Өкінбеймін. Қуаныштымын. Жүрегіне махаббат орнаған адам – адамзаттың авангарды. Иә, бұл қала әрбір адамды «адамзат авангарды» атандырады. Аяңдай басып жаяу шарлаған Назарбаев даңғылындағы жолдар қаншама ойды ұрлап, қаншама санаға қимастықтың сүгіретін салды. Еңсесі биік, желекке оранған қара шаңырақ, бар даналықты бойына жиған ұстаздар, қызығы мен шыжығы қатар қайнаған жатақхана, әр тектің құлдығынан, әр аймақтың сұңқарлары мен тұлпарларынан құралған топ, мұражайлардың, театрдың тұрақты көрерменіне айналу, шабыс та шабыс...Одан соң ұйып тыңдар дәрістер, нағыз майдан, ғылым мен тәжірибенің гармониясы үздіксіз семинарлар, том-том кітап оқымаса да талай әдебиеттің парағын қайырып, кітапханада қауышу, әдебиеттің тылсымын сезіну, тіл білімін жіліктеу, ми «папкасына» реттеу, қаруын кезеп тұрып, сынақ өрті лап қояр сессияны жатсыну, соңында еріксіз шаршау.

Жалғасын тауып жатқан арналар. «Студентпін. Есейдік» деген болмашы өркөкіректікті Оралдың ескерту хабарламасыз жауатын жаңбырынан жаураған жаныңа жамылғы етіп, талықсыған күйі «Рахаттың» шәйін сіміріп алып, Пугачев пен Назарбаев көшесінің қиылысымен дел-сал күй кешіп, қаламен, тіршілікпен тілдесіп аңызға айналған, талайлардың жанына медет болған, студенттердің сүйікті мекеніне айналған «Стелаға» тартып отырасың. Жайықтан ескен самалмен тербеліп, мұңмен әндетіп жырақта қалған жұрт, ауыл, ата-ана, бауыр жайлы риясыз бей-берекет сезімге беріліп, әңгіме қозғайсың. Жалғыздыққа бойың үйреніп, бауыр басып қаласың. Әрине, жалғыздыққа емес, мынау шаһарға... Ортақ өмірге, жұтандау тірліктің тар жолы мен тайғағын кешуді үйреніп, жанкештілікке салынасың...Жанашыр табасың, олармен аштықта тоқ болып, жоқтықта бай болудың өзі «балмұздақтықтың» қытымырлығы емес пе?! Тіпті, түн ұйқыны ұзақ таңның ұрлағаны,көк сияға оралып, қалам жастану бәрі естелік...



Филфакқа келген күннен бастап, қазақылықтың ұлттық кодын сараптай бастадым. Мұнда өзгеше атмосфера, сыпайылық, тазалық,мәдениет,ғылым бәрі-бәрі бір арнаға тоғысқан. Небір жайсаңдар мен жасампаздардың, небір дарабоздардың маңдай тері сіңіп, табаны тозған кафедра дәлізі талай парасаттылық пен даңғойлыққа, еркелік пен есерлікке, ұлағат пен ұлылыққа куәгер. Тәрбиенің берік қамалын құрағысы келеді бәрі де. Өйткені, мұнда тек кіршіксіз тазалықпен ұштасып қазақылықтың әңгімесі өрбиді. Оқытушылардың бірінен өзге варваризмдердің сипатын естімедім. Студенттердің бәрі «аға» деп сызылып, «әпке» деп үзіліп тұрады. Міне, осыған ғашық болдым, тәнті етті. Сағынбасқа лаж жоқ.

Ендігі «балмұздақ» өмірдің жарқын сәттері оралмас сағынышқа айналатыны қынжылтады. Бірақ, филфактың тәрбиесі бәз баяғы қалпында. Ескірмейді, өсе береді, қамшылайды. Қызыл тілді қымтанып, жұдырықты жастанғалы, біз, арман мен аманат арқалаған бозбала мен бойжеткендер ғылым мектебімен қатар, үлкен өмір мектебінен өттік, өте береміз. Мен адамды сағынбаймын, естеліктерді сағынамын. Құрықсыз сағыныш, тәжтажалдың арбауына түсерін кім біліпті..

Шұғыла ЕҢСЕП,
Филология факультетінің 2-курс студенті

Жаз мезгілі – барша адамзат асыға күтетін мезгілдердің бірі. Мектепте 9 ай бойы оқып шыққан оқушылардың аңсаған 3 айлық жазғы демалысы, университет қабырғасынан соңғы сессиясын тапсырып болып, ауылына асыққан студенттің сағынышы, жұмыстың күйбең тіршілігінен бір сәтке болсын тынығуға еңбек демалысына шыққан жандардың қуанышы – бәрі жазға ғана тән ерекшелік дерсің. Дегенмен, «демалысым» деп үш ай жазғы демалысыңды таңға дейін телехикая қарап, күні бойы ұйқымен өткізген де дұрыс емес. Көптен ойға алып жүрген ісінді тындыратын, өз-өзінді дамыта-тын, өзіңе ұнайтын іспен айналысуға болатын кез жаз айында болмағанда қашан келеді? Дәл осындай оймен

өзімен-өзі жұмысымызды атқара бердік. Арада 1 аптадай уақыт өткен соң, барлығымыз бір-бірімізге бауыр басып, бір үйдің баласындай болып кеттік. Бірігіп істеген жерде жұмыс та өнімдірек болмайды ма? Алғашқы күндерге қарағанда тыңғылықты еңбек етіп, тіпті түскі үзіліс уақытында бәріміз бір-бірімізбен тамағымызбен бөлісіп, қиын кезеңдерде бір-біріміздің жанымыздан табылып, жақсы жолдастарға айналдық.

Жұмыс уақытында қаламызды көркейтіп, көгалдандыруға ғана үлес қосып қоймай, әлемді жаулаған пандемия кезінде еріктілер қатарынан табылып, аялдамалардағы қала тұрғындарына тегін бетперделер тараттық. Бұл акциямыз бір емес, бірнеше

Ынта болса адамға, қиын іс жоқ ғаламға



мен де соңғы сессиямды тапсырып болып, карантин басталғалы бармаған Оралыма қарай жол тарттым. Басты мақсат – өз күшіммен еңбек етіп, ата-анама сәл де болса көмектесіп, өзімнің қажеттіліктерімді аз да болсын өтеу. Сол мақсатымды орындаудың бірден-бір себепшісі - «Жасыл Ел» жастар еңбек жасағы болды. Сарбаздар қатарына іліккен күннен бастап, іштей қобалжу, уайымдау деген нәрсе басталды. Санамда «Қалай болар екен? Жұмысы қиын ба? Қандай орта жолығады? Тіл табысып кете аламын ба?» деген секілді сансыз сұрақтар болды. Біраз уақыт өткен соң, барлық сарбаздарды штабқа жинап, киімдерімізді үлестіріп беріп, топқа бөлді. О баста БҚУ-дың атынан жиналған қыздарға командир болып сайланғаныммен, штабтың ішінде өзара бөлініп, мен басқа топқа, олар басқа топқа бөлініп кеттік.

Ең алғашқы күн. Жаңа таныстықтар. Таныс емес орта. Бір-біріміздің аты-жөнімізді сұрасып білдік те, әркім

күн қатарынан өз жалғасын тапқан болатын. Еліміз үшін жұмыс атқарып қана қоймай, қайырымдылық жасауда да төбе көрсеткеніміз біз үшін үлкен мәртебе болды деп есептеймін.

«Жасыл Ел» жастар еңбек жасағында істеген 1 айлық жұмыстан кейін, «Ынта болса адамға, қиын іс жоқ ғаламда» дегенге әбден көзім жетті. Адам жақсы нәрсеге ниеттенсе, кез келген ауыр жұмыстың өзінен ләззат алып, жақсы іске айналдыруға болады екен. Дәл осындай мүмкіндік сыйлағаны үшін білім ордам БҚУ-ға, «Жасыл Ел» жастар еңбек жасағына және менімен бір топта еңбек еткен «WEST FRONT» командасына алғысым шексіз! Келесі жылы мүмкіндік туса, дәл осы «Жасыл Ел» жастар еңбек жасағында қуана-қуана еңбек еткім келеді.

Аида ОРАЗОВА,
Филология факультетінің 2-курс студенті

С приходом в университет, каждый студент выбирает разные пути становления своей личности. Самый простой способ – это выбор деятельности. То есть, помимо учебы, можно заниматься волонтерством, дебатами, творчеством, наукой, быть в составе студенческого самоуправления и т.д. Я занималась журналистикой и очень полюбила это дело. Как это было?

ПРО НАС

На 1 курсе дисциплину «русский язык» нам преподавала Марта Орынбасаровна. С первых дней занятий она рассказывала об университетской газете «Өркен», являющейся своеобразным новостным источником, которая публикуется раз в месяц, и что в газету можно писать статьи разного жанра. Не прошло и года, то есть, во II семестре учебы, я решила попробовать свои силы, точнее, Марта апай буквально заставила написать статью. Тема первой статьи была выбрана в ходе занятий, когда мы беседовали о нашем учебнике «Русский язык», по которому обучаются абсолютно все первокурсники ЗКГУ. Для того, чтобы написать про учебник, нужно было взять интервью у его автора – Утегеновой Карлыги Таскалиевны. Интервью, кажется, было не самое лучшее, из-за моих волнений, но зато статья была неплохой, и её опубликовали в февральском выпуске 2017 года. После этого я начала работать в этой газете. Каждый месяц - иногда больше, иногда меньше - писала про университетские мероприятия и студенческую жизнь. Знакомилась с людьми, брала интервью, расширяла кругозор, старалась правильно формулировать мысли и быть полезной. И так в течении 3-ех лет. Единственное требование от тебя – это быть в поиске каждый день, что также помогает не останавливать процесс мыслительного аппарата. Рядом были очень хорошие девочки-корреспонденты как Аксана, Айша, Аккенже, Алтынгүл и другие.

А коллектив РИЦ - это отдельная тема. Сначала, конечно, Акмарал Адиетовна, очень хороший руководитель и человек. Мне она поручения давала нечасто, но каждое из них было для меня заданием особой важности. Затем, главные редакторы: Моя любимая Марта Орынбасаровна, к которой многие питали особую любовь. Это уже говорит о многом. После неё, в 2017 году, пришел веселый и жизнерадостный Назар Каленович, который не отпустит тебя, не рассказав какую-то историю или анекдот. Ну, просто любит этот человек, когда другие улыбаются. В 2018-ом главным редактором была Айзада. На данный момент - она чудесная мама двух дочек, которая занимается домашними заботами, но всё такая же шустрая хохотушка, из чьих уст всегда льётся красивая казахская речь. И в 2019-ом году эту должность заняла Азиза, выпускница топового университета нашей страны - ЕНУ. Много чего нового они с новым корректором Алтыншаш сделали: собрали команду из студентов, желающих писать статьи в газету, снимали видеоролики, следили за цифровизацией «Өркена» и т.д. Вот что значит - молодые специалисты! Еще один человек, без которого не представляешь РИЦ - это Равиля Рахметовна. Заботливая, добрая, мудрая и искренняя женщина. Есть ещё Асель апай, ласково называет меня «қызым», от чего я люблю её ещё больше. В вопросах со статьей она всегда поможет и подскажет. Милая Лена апа - мастерица, с которой мы встречаемся на 5 маршруте и болтаем до остановки «20 школа». Асемгуль апа - красавица-мама 4-ех детей. Жазира апа, с которой я познакомилась не так давно, но и она одинаково дорога для меня, как и остальные. Это сотрудники кабинета №122. В других кабинетах редакции также работают прекрасные люди как Гульхан апа, Жанылсын апа, Саягуль апа... Все эти люди стали для меня очень близкими в этом университете, и мне бы хотелось, чтобы мои будущие коллеги были такими же дружелюбными, честными и сердечными.

Ну, и, конечно, теперь о самой газете. Первая газета нашего университета была выпущена в октябре 1934 года. Тогда она называлась «За педагогические кадры». С 30-ых годов до сегодняшнего дня газета изменила свое название, но цель её та же. Дать стране достойные кадры и воспитывать граждан-патриотов.

Мне давно хотелось написать эти строки, чтобы выразить свою любовь и почтение всему коллективу РИЦ и нашей газете. Я буду скучать и благодарю каждого из вас. До свидания, «Өркен»!

Сая ДУЙСЕНБАЙ



Баубек Бұлқашев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№4 (29), тамыз, 2020 жыл

Абай - рухани реформатор

Бәрі де әкемнің менің туған күніме Абайдың сыншылдық, ойшылдық және адамгершілік туралы ұлағатты қара сөздерінің екі тілдегі жинағын (Абай. Қара сөз. Книга слов. - Алматы: Атамұра, 2016. - 200 б.) сыйлауынан басталды. Көркем безендірілген басылым. Көруге көз керек. Қолыма алып парақтай бастадым. Дәлірек айтсам, оқи бастадым. Еңбектің алғысөзін қазақ, орыс тілінде белгілі жазушы-эссеист Роллан Сейсенбаев жазыпты. «Жан жарасы жазылмаған о й ш ы л » тақырыбындағы ж а з у ш ы а л ғ ы с ө з і н д е : «Абай – ұлы ақын, к о м п о з и т о р , а у д а р м а ш ы , ф и л о с о ф һ ә м қоғам қайраткері... Абай – қазақ



музыкант, переводчик, философ, политический деятель... Абай одна из самых трагических натур во всей казахской поэзии. Он был мудрецом с неизлечимой душевной печалью... С именем Абая в степи рождается новая казахская поэзия с сознательной философской и стилиевой направленностью... Уже к концу 19 века творчество Абая поднялось к вершинам поэтического реализма 20 века... Читая Абая, зачаровываешься изобильной щедростью художника, ему доступно всё: песенный напев, точность импрессионистских зарисовок, изящная стилизация, ироничная многогранность, завораживающая музыкальность... Жизнь воспринималась Абаем не как полоса чувственных наслаждений, а как борьба... Подлинную суть творца Абая, его значение в мировом пространстве казахская мысль оценила только в конце сороковых годов двадцатого века. И это было сделано благодаря величайшему роману казахского писателя Мухтара Ауэзова... Абай сумел органически слить воедино мудрость Востока и Запада... Произвол не сулит новое рождение. Мировая гармония рушится, когда в нее вторгаются социальные катаклизмы, экспансия... У каждого великого поэта 19 века гуманистический синтез выступает в неповторимо индивидуальном обличье. Высшая духовная ценность творения Абая, концепция свободной личности

борца против социального зла и бесчеловечности. Именно такое понимание свойственно и многим другим великим творцам – Шекспиру, Гёте, Байрону, Пушкину, Лермонтову, Рабиндранату Тагору... Абай считает, что человеку предназначено жить, творить и действовать, а не пребывать в плену зла. В своей удивительной «Книге Слов» поэт выразил многолетние раздумья, поиски и обретения, тревогу и отчаяние, скорбь и радость откровений, порыв духа и горькое подведение итогов, гнев и смирение... Его «Книга Слов» - глубоко осмысленный путь к истине. Идея этой книги проста и величественна. Поэт не устаёт напоминать нам о том, что величайшей ценностью мира является человек и он должен быть прекрасен и гармонически совершенен. Прекрасными должны быть его душа, разум, тело и чувства. Человек призван направлять свои мысли и поступки только к добру, только к высокому деянию... Абай был неистовым творцом... Он как истинно великий человек не чувствовал страха перед клеветой, откровенными оскорблениями и ненавистью глупцов. Он как истинный гражданин выполнил свой долг до последнего дыхания и оставался честным в стремлении к истине... Мы ищем нравственные уроки в стихах Абая, чья жизнь стала легендой... Все силы его были отданы на просвещение своего народа, но народ, приняв чарующие мелодии его песен, не постиг глубокою суть его мыслей, не последовал его мудрым советам. Это было началом и концом трагедии Абая», - деп ой өреді. Даусыз, оқырманын ойлантып тастайды. Жинаққа енгізілген ғұлама Абайдың 45 қара сөзінің әрқайсысының өзіндік салмақ-өлшемі бары анық. Оны оқырманның өзі парақтар. Менің айтарым – данышпан Абайдың күллі сөздері, ондағы өрнектей ойылған ойлары туралы емес. Оған да кезек келер. Менің тоқталарым – ойшыл Абайдың 15-сөзі хақында. Дана Абай осы қара сөзінде: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»

ЕСТІЛЕРДІҢ ҚАТАРЫНДА БОЛҒЫҢ КЕЛСЕ...

поэзиясындағы ең бір трагедиялық тұлға. Ол жан жарасы жазылмай кеткен ойшыл... Абай есімімен қазақ топырағына философиялық және стилистикалық бағыттағы жаңа поэзия келді... Абайды оқып отырып, оның ұланғайыр суреткерлік шеберлігіне таң қаласың; әндік қайырым, импрессионистік дәлдік, нәзік стиль, салмақты тереңдік, жан тебірентер әуен ақын ыңғайына көніп жүре береді... Абайдың бойына біткен өнер қуаты көңіліңді қыздырып, жаныңды жаңғыртады... Ақын жаны әлем әдебиетімен терең суарылғаны сонша, араб, парсы, орыс ақындарының мыңдаған жолдарын жатқа айтып отыратын болған... Абай әлемінің шын мәнін, қазақтың ой кеңестігіндегі алатын орнын пайымдағанымыз жиырмасыншы ғасырдың қырқыншы жылдарында ғана. Халыққа ақынның ұлылығын ұғындырған «Абай» романы еді... Шығыс пен Батыстың философиялық идеялары ақын лирикасында терең толғаныс елеуінен өтіп, тың тынысты, жаңа ойларға ұмтылыс жасайды. Абай шығармашылық өмірінде Шығыстың ұлы ақындары – Омар һайям, Рудаки, Руми, Йассауилермен сұхбат-кеңесті мол өткізді... Абайдың философиялық толғаулары – өмірге өзінше қарау, адамның тіршіліктегі позициясын айқындау... Абайға керегі – адам, адамның рухани болмысы мен адамгершілік нысанасы... Абай халқын оянуға, жан бірлігіне, қалғымайтын намысқа, үздіксіз рухани еңбекке шақырады... Шығыстың ақылы мен Батыстың озық ойы идеясы Абайдай зерделеп, өнеріне мұра еткен қалай ақыны болған емес... Ол өз халқын рухани биіктен көруді армандады... Дәл осындай таным-түсінік ұлы суреткерлер-Шекспир, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Рабиндранат Тагорларға да тән болатын... Адамға берілген ақыл-ес-Құдайдың туындысы, ғаламды ұқсын деуі, алған білімді биік мақсат үшін ұстансын деуі... Айуандықтың ордасы-надандық, оны жеңу үшін қажырлы білім керек... Адамның жаны, ойы, тәні мен сезімі көусар судай таза болуы керек. Адам санасын тек қана қайырымдылыққа, жоғары мақсатты рухани кемелдікке жұмсауы шарт... Абай өлеңдерінен біз адамгершілік тәлім аламыз, өйткені ақын өмірі аңызға айналып кеткелі қашан», - деп жазады. Бұл түйін-тұжырымдар ойланбасыңа қоймайды.

Ал «Неизлечимая печаль мудреца» атауымен берілген алғысөздің орыс тіліндегі нұсқасында жазушы-эссеист Роллан Сейсенбаев: «Абай. Так ласково, с любовью называют казахи одного из самых великих своих сыновей. Абай – великий поэт,

Бір тамшы ой

Рухани ұстаз Абай афоризмдері

Тірі адамның жүректен аяулы жері бар ма? Рақымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек – бұлар жүрек ісі.

Адам ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады.

Үміт үзу – қайратсыздық.

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас.

Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар.

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі – зор билік, екіншісі – есепсіз байлық.

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме, Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.

(«Желаешь быть в числе умных людей, спрашивай себя раз в день, раз в неделю, или хотя бы раз в месяц: как ты живешь? Сделал ли ты что-нибудь полезное для своего образования, для земной или потусторонней жизни, не придется ли тебе потом испытать горечь сожаления? Или же ты и сам не заметил, не помнишь, как и чем жил?»), - деп жазған. Данышпан Абай бабамыз өзінен кейінгі ұрпаққа, бүгінгі сіз бен бізге бұл ойлы тұжырымын неге айтты? Ал, достым, кел ойланайық! Ғұлама Абай сөзінің құндылығы неде? Ойшыл Абай ақылды мен ақылсыздың белгілі бір парқы бар-ау деп бастайды сөзін. Пенденің қызықпасқа шарасы бар ма? Сол қызықты іздеген кезі де ұмытылмастай есте қалмақ. Есті адам орынды іске қызықпақ, құмарланбақ, осы жолда ізденіс танытпақ.

Оны естіген құлақ қуанбақ, көңіл сүйсінбек. Орынды іске жұмсалған өмір де өкінішсіз. Ал есер болса, орнықты орнын таба алмай, небір баянсыз, бағасыз, құны көк тиын қадірсіз нәрсеге қызығып, құмарланып, өмірінің қызықты да қымбатты шағын итқорлықпен өткізбек. Кейін өкіріп өкінгеннен не пайда? Жастықта мағынасыз қызық қуып, кісімің кердеңдеп жүргенде, жастығы тозбастай, буыны босамастай көлбеңдеп жүргенде, күндердің күнінде алдамшы қызық соңында ботадай бос тайрандап жүргенде мойны қатып, буыны құрып, құр лепірме қызыққуғыштық бойын дендеп алып, ендігі кезекте игі талапқа қайрат қылуға жарамсыз болып қалмақ. Сондай-ақ, әр нәрсеге қызықпақтық, құмарлық дертке айналмақ. Бұл секілді дерт бойға мастық ұялатпақ. Әр нәрсеге ұшып-қона қызығу, құмарлану дертінен туындар жастыққа тән мастық ақыл көзін байламақ, ақыл сөзін тыңдауға мүмкіндік берместей күйге ұшыратпақ. Осы мезетте естілер есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер ер-тоқымын тастай қашып, бөркінің қайда қалғанын білмей, екі көзі алақтап, ышқыр-бауына ие бола алмай, жынды кісіе далақтап шаба беруді біледі екен. Данышпанның осы ойларының үзіктері орыс тіліндегі аудармасында: «Между умными и глупыми людьми, по-моему, есть существенная разница. Радившись на свет, человек не может жить, не увлекаясь интересными вещами. Дни увлечений и поисков остаются в памяти самими светлыми днями его жизни. Разумный человек интересуется достойными серьезными делами, упорно добивается своей цели... Легкомысленный человек тратит время на ничего не стоящие, пустые, бессмысленные затеи... Разумные в такие критические моменты не теряют рассудка, сдержанны и не выставляют своих чувств на все общее обозрение», - деп жазылған. Демек, бұл – жөнсізді жөнге салар, кісілікке баулыр, жөндіні парасатты даңғыл жолға салар, тұлғалыққа биіктетер данышпандық болжам-пайым емес пе!.. Иә, қазақтың Сұлтанмахмұт сынды бірегей ақынының «Абайды оқы, таңырқа!..» деуінде қаншама тереңдік жатыр десеңші!..

Мақсат АБАТҰЛЫ,

филология факультетінің II курс студенті (ИЯ – 21-топ, «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы)

Журналист («Journalist») жаршысының жауапты редакторы – Мақсат Абатұлы, ИЯ – 21-топ («Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы). Редакция мүшелері – Жанар Қабдірахимқызы, Фил-41-топ («Филология: қазақ тілі» мамандығы), Индира Аманжолова, ҚТӘ-21-топ («Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы). Кеңесші – А.С.Қыдыршаев, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі.



Ұлым саған айтам

«ҚАБУСНАМАНЫҢ» қасиетті қағидаларын ескерсек игі

Еске! «Қабуснама» — *XI ғасырда (1082-1083 ж.ж.) жазылған 44 тараудан тұратын аса бағалы педагогикалық тағылымы мол туынды. Авторы — Кайқаус, өз дәуірінің зиялысы, білімпаз ғалымы, шығыс педагогы. 63 жастағы Кайқаус аталмыш шығармасын ұлы Гиланшахқа арнаған. Таңғажайып трактаттың рухани азық болар кейбір тезистерін «Өркен» газетінің оқырмандарына ұсынуды жөн көрдік.*

Ей, перзентім! Тірлікте мәңгі өлмейтіндердің бірі — кітап, оны құртып жіберетіндей құдіретті күш жоқ.

Ей, перзентім! Саған замана тұрмыс - тауқыметінің құрықты қолы жетпей тұрған шақта менің айтқан сөзімді оң құлағыңмен тыңдап, өсиетімнен үлгі алып, жақсы атағыңды шығаруға тартынбай талаптан. Байқасақ, көптеген жастар “заманның заңды талабының өзі осы” деп, атасының үгіт - насихатын тыңдамайды. Түсінбеушіліктен өздерін өзгеден артық, білімдар есептеп, өкінішті мол менмендіктің құрсауында жүргенін сезбейді.

Ей, перзентім! Білгенің жөн, ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, тірлікте адамзат елден ел, жерден жер кезіп жүріп, азды-көпті жиған-терген асыл заттарын артына қалдырады да, оны өзінің жақсы көрген адамына тапсырып кетеді. Менің дүниедегі жиған асыл заттарым — осы сөздерім. Ал жақсы көрген адамым да, үмітім де өзіңсің. Сондықтан бар асылымды өзіңе тапсырдым, сен оны дұрыс пайдаланып, қисық жолға қадам баспағайсың.

Ойлан, перзентім! Сен асыл тегіңнің қадірін біл! Не ексең, соны орасың! Қандай сөз сөйлесең, сөзіңе лайықты жауапты естисің!

Бұл дүниеде ар - намысы мол, зерделі адамдардың бағасы жолбарыстың құнындай, жарамсыз мінезді жандардың бағасы иттің құнындай - ақ. Ит анды ұстаған жерінде жейді, ал жолбарыс алған аңын ұстаған жерден аулақтау оңашада жейді.

Ей, перзентім! Ата - ананы құрметтеуің қажет екенін ақыл-ой, парасат тұғырынан байқап білгейсің! Өйткені әрбір перзенттің тегі ата - ана ғой. Не үшін ата - анама құрмет жасаймын деп ойыңа да алма. Олар сен үшін өзін өлімге де қиятыны белгілі...

Ей, перзентім, ата-анаңды ешқашан ренжітуші болма!.. Олардың көңіл-күйіне қаяу салып, қапаландырмағын!

Сені жан- ділімен (тәнімен) жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын құрттай іс жасасаң, сен ешқандай да жақсылыққа лайықты жан емессің. Өйткені кімде-кім ата-ананың жақсылығын білмесе, басқа біреудің жақсылығын да бағаламайды. Егер сен өз перзентім құрмет қылсын десең, сен де ата-анаңды құрметте! Сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды.

Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға ізет, құрметінді аямасаң, саған олардың ізгі тілегі қабыл болғаны.

Сенен жағдайы жақсырақ адамды күндеме. Малсыздықтан жарлы болсаң да, ақылға бай болу үшін жаса. Өйткені малмен бай болғанан гөрі, ақылға бай болу жақсырақ. Наданның жарлы болуы демде. Аңғара білсең,

ақыл - қымбат нәрсе. Оны ұры алып кете алмайды, ол отқа жанып, суға ақпайды.

Егер ақылың болса, өнер үйрен! Өйткені өнерсіз ақыл - киімсіз дене, яғни, кескінсіз (ұсқынсыз) адам сияқты. **«Білім — ақылдың ажар - көркі»** деп босқа айтылмаған.

Ей, перзентім, білгенің жақсы, данышпандар ұйқыны кіші өлім деген. Сондықтан да өлген адамды мәңгі ұйықтаған адамға теңейді. Бұл екеуі де дүниеден хабарсыз болады. Біріншісі - жаны жоқ өлік, екіншісі - жаны бар өлік.

Көп ұйықтау — жаман әдеттің бірі. Денеңді ауырлатып, табиғатыңды талқандап, жүзіңді кесел адамға ұқсатады.

Алты нәрсе адамның жүзіне өзгеріс енгізеді: бірі — күтпеген қуаныш, екіншісі — жасынан келген қайғы-қасірет, үшіншісі — қатты азап, төртіншісі — ұйқы, бесіншісі — мастық, алтыншысы — қарттық. Адам қартайса, реңі өзгереді, бірақ бұл өзгеріс басқа түрге енеді.

Көп ұйқы зиянындай, адамға ұйықтамау да зиянды. Әрбір істің өзіне лайықты өлшеуі бар. **Егер бір тәулікте 24 сағат болса, осының үштен екі бөлігінде ояу болып, бір бөлігінде ұйықта. 16 сағат еңбек етіп, шаршаған денелеріңді дем алдырып, тынықтыру қажет.** Мәселен, ашушаң әрі жалқау жандар осы жиырма төрт сағаттың жартысын ұйқымен өткізіп, жартысында ояу болады екен. Сылбыр қимылдайтын, мінезі ауыр, салқынқанды адамдар күндіз-түннің үштен екі бөлігін ұйықтап, бір бөлігінде басқа істермен шұғылданады екен. **Ал ақылды жандар үштен бірін ұйықтап, екі бөлігінде ояу болады. Демек, әрбір 8 сағатты тиімді пайдаланған жақсы.**

Біліп алғын, денең жаныңмен тірі. Денең — жаныңның мекен-жайы. Түптеп қарағанда, тән мен жан бір-бірімен байланысты тұтас нәрсе. Көңіл денені өз қасиетімен билейді. Көңіл денені іске қосады. Белгілі бір жағдайда көңіл денені іс жақпастыққа, ұйқы қабілетіне итермелейді.

Дененің ұйықтауы — құлаған бір үй сияқты. Үй құлаған кезде ішінде кім болса да басып қалады. Дәл осы сияқты дене ұйқыға барса, адамның барлық мүшелерін басып қалады, дене белсенділігін төмендетіп, қимыл-әрекеттен қалдырады. Мәселен, құлақ естімейді, көз еш нәрсені көрмейді, мұрын иіс сезбейді, ауызың еш нәрсенің дәмін ажыратпайды, денең жұмсақ не қаттыны сезбейді.

Кешкі ұйқыны күндіз ұйықтау жақсы емес. Қысқасы, біз өміріміздің көбірек бөлігін ұйқысыз өткізуіміз керек. Өйткені алдымызда таусылмайтын ұзақ ұйқы бар.

Ей, перзентім, ұйқы өліммен тең. Өлімнің де, ұйқының да бұл дүниеден хабары болмайды, бірақ біреуі — өмір ұйқысы, екіншісі — өлім ұйқысы. Жалпы екеуінің айырмасын білу керек (Біріншісі — тыныс алады, екіншісі — тыныс алмайды).

Ерте тұруға әдет еткін! Өз ісіңнің маманы бол, егер істейтін ісің болмаса, көңілің қаласа, саяхатқа шығып, аң аулап қайту — бұл да бір ғанибеттілік.

Ей, перзентім, есіңде болсын, өнерсіз жан - өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көлеңкесі жоқ тікенді шоңайнаға ұқсайды. Өзіне де, өзгеге де пайдасыз болады.

Жаратылысың текті, асылзада, сұлу болғанға мастанба! Өйткені тектілік пен тән сұлулығы өнерпаздық жан сұлулығымен толықтырылмаған жағдайда еш нәрсеге де арзымайды (**татымайды**). Мәселен, ұлы дәрежелі болу шыққан тегіңе емес, ақыл-біліміңе байланысты.

Ата-ананың қойған жақсы есіміне де есірме! Ол бір сыртқы сипаттан басқа ештеңе де емес. Қалай да өнерлі болып, жақсы атаққа ие болу үшін талаптана біл.

Егер адам текті асылзада болғанымен, өнерлі болмаса, оны ешкім де елемейді. Бұл екі ғауһарға бірдей ие болған адамды көрсең, етегінен ұстап, қолыңнан шығарма. Мұндай жан жалпы халықтың қажетіне жарайды.

Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн! Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі — сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: **сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың.** Өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсең, тіл соны айтады.

Сөзді өз орнымен сөйле! Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы иісі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы.

Жақсы сөз — жан азығы. Жақсы сөзге сараң болма. Жақсы сөз тыңдауға ынталы болмаған кісінің бар ынтасы, есі - дерті мал, дүниеге ауып кетеді. Дөрекі сөйлемей, сыпайы, жақсы сөз айтсаң, сен де жақсы сөз естисің.

Ей, перзентім, жақсылық істеуден жалықпа! Істеген жақсылығыңа өкінбе, өкінгенің өзіңе зиян. Біреуге жақсылық істеп, оның көңіл-күйі қаншалықты шат болса, сенің көңілің де соншалықты көтеріліп шадыман болар. Егер біреуге жамандық істеп, оның көңілін қапа қылсаң, сен одан да артық қапа боласың. Сен біреуге жамандық қылсаң, саған да жамандық келеді.

Өнер үйрен! Тыңдаудан жалықпа! Білгеніңді үйретуден намыстанба! Сен мұнымен бойыңдағы мінезіңді қалыптастырып, өзіңді өкінішті жағдайдан құтқарасың.

«Өнерден жақсы нәрсе, білімнен үлкен, ұяттан сұлу нәрсе, қызғаншақтықтан асқан дұшпан жоқ» (Сократ). Әрбір сәтті бос өткізбей, тиімді пайдаланған жағдайда ғана өнерді үйренесің. Өнер үйренетін дана табылмаса, наданнан үйрен. Ол үшін әрдайым көңілдің көзі, ақылдың айнасымен наданның істеген істерін көріп, оның жаман, жағымсыз істерінен бойыңды аулақ сақтауың керек.

«Барлық достарымнан пайда көрем, дұшпандарымды одан да көбірек пайдаланамын. Өйткені жаман істерімді достарым жасырады, жақсылығымды асырады. Сондықтан да өз кемшілігімді білмей қаламын. Дұшпандарым дұшпан болғандықтан, айып істерімді жасырмай айтады, ал мен болсам, ол кемшілігімді тез жою үшін әрекет жасаймын» (*Ескендір Зұлхарнайын*).

Білімді үйрену үшін еңбекқұмар бол, бойыңды жалқаулыққа үйретпе! Жалқаулық, іс жақпастық денеңнің бұзылып, кеселденуіне себепкер болады. Өз билігіңе көнбейтін дертті денеңмен жоғары мәртебелі бола алмайсың.

Ей, перзентім, ойлан! Денеңді өзіңе бой ұсындыр және бұйрығыңды бұлжытпай орындауға көндір. Әрбір адам өз денесін өзі билей алса, өзгені де бағындыра алады. Кімде-кім өзін-өзі билеп, ілім мен өнер үйренген жағдайда ғана баянды бақытқа қолы жетеді.

Білім мен өнердің негізі - **әдеп, қанағат, ұят, пәктік, сақтық, мейірімділік, ұстамдылық (сабырлық)...**

Әзірлеген, **Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**
Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті ұстазы,
Жоғары оқу орнының үздік педагогы

Үздік ұжымдық бейнетүсірілім

Орал қаласы әкімдігі Орал қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастамасымен халқымыздың ұлы перзенті, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай ақын шығармаларын кеңінен насихаттау бағытында ұйымдастырылған әлеуметтік желілерде шақыру тастау – челленджінің үздіктері марапатталды.

Осы челленджде Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ұжымы “Үздік ұжымдық бейнетүсірілім” номинациясын иеленді. Әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз!



«ШЫҒАРМАШЫЛ ҰСТАЗ»

номинациясының екінші қайтара иегері атанды

Республикалық «Рухани жаңғыру» ақпараттық-сараптамалық орталығының «Ұлы Дала Ұстазы» атты халықаралық ғылыми-педагогикалық журналының редакциясы тұрақты түрде тоқсан сайын ұйымдастыратын педагогтардың республикалық конкурсына «Аталы сөз – рухани тәжірибе» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік мақаласымен қатысқан университетіміздің профессоры Абат Қыдыршаев үздік авторлардың бірі ретінде танылып, «Шығармашыл ұстаз» номинациясының екінші қайтара иегері атанып, арнайы сертификатпен, дипломмен марапатталды. Өзінің ізбасар шәкірттерімен бірлестікте аталмыш байқауға ұсынған мақалада ұлт руханиятына терең бойлау үдесінде қазақ афоризмдерін аталы сөз ретінде жаңа ұрпақты рухани құндылықтарға баулу көзі

тұрғысында қарастырған. Қашан да жүйелі түрде ғылыми шығармашылықпен айналысуды басты кредо ретінде танитын университетіміздің профессоры А.С.Қыдыршаевты кезекті жеңісімен құттықтай келе, төккен теріңіз текке кетпегей, ізденіс жолында еңсеңіз биік болғай, көңіліңізге сынық түспегей, шәкірт баулуда бағыңыз жанып, аман болғайсыз демекпіз!



Мерей

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 20 тамыздағы Жарлығы бойынша әріптесіміз, айтыскер ақын, Ерен еңбегі үшін медалінің иегері **Мусина Жансая Ғалымжанқызы «Қазақстан Конституциясына 25 жыл»** мерекелік медалімен марапатталды. Құттықтаймыз!



Әріптес мерейі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 3 шілдедегі Жарлығына сәйкес елдегі қоғамдық келісімді нығайтуға, Қазақстан бірлігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан халқы ассамблеясының 25 жылдығын атап өтуге қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Тұрар Шайхиев пен фотограф Рафхат Халелов «Қазақстан халқы



Ассамблеясына 25 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Айта кетейік, Қазақстан халқы Ассамблеясына 25 жыл» мерекелік медалі елімізде қоғамдық келісімді нығайтуға үлес қосқан, Қазақстан халықтарының бірлігін қамтамасыз етуге еңбек сіңірген, Қазақстан халықтары Ассамблеясының рөлін күшейтуге қолдау көрсеткен, қазақстандық бейбіт және келісім тәжірибесін шетелде жүзеге асырған, сондай-ақ, Қазақстан халықтары мен өзге елдердің қарым-қатынасын арттыруға ат салысқан Қазақстан Республикасы мен шетелдік азаматтарға табысталады.

Әріптестерімізді құттықтай отырып, еңбектеріне табыс тілейміз!

Хабарландыру!

Ұлы Абай атамыздың 175 жылдығына орай Педагогикалық Ғылымдар Академиясы Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі мен “Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының” қолдауымен заманауи әдебиет пен журналистиканы кеңінен насихаттау, жас жазушылар мен ақындардың шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында еліміздің Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен барлық облыстарын қамтитын ауқымды жобаны жүзеге асыруда.

Жоба аясында әлеуметтік желілерде (Инстаграм, Телеграм, Facebook) апта сайын челленджер мен викториналар өткізілуде. Әр аптаның ұтыс қоры – 100 мың теңге. Оған кез келген 16-29 жас аралығындағы азамат қатысып, жүлдені жеңіп ала алады.

Сонымен қатар, қыркүйек айында тренингтер мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылатын болады.

Қазан айында Абайдың 175 жылдығына арналған Республикалық мұшайра өткізіледі. Жүлде қоры – 1 млн. 100 мың теңге:

- бас жүлде - 500 мың теңге;
- 1 орын - 300 мың теңге;
- 2 орын - 200 мың теңге;
- 3 орын - 100 мың теңге.

Қыркүйек айында еліміздің барлық облыстары мен 3 қаласында іріктеу кезеңі өткізіледі. Жұмыстарды 2020 жылдың 10 қыркүйегіне дейін abai-175_zko@mail.ru электронды поштасына жіберулеріңіз сұралады.

Байқауға ақыншығармашылығына қатысты өз жадынан шығарған шығармалар қабылданады: 2 өлең (ақындар үшін) немесе 2 шағын проза (жазушылар үшін). Шығарманың тілі-қазақ/орыс тілдері. Жұмыстар баспа немесе электронды түрде ұсынылады. Байқауға қатысу үшін Ұйымдастыру комитетіне конкурс ережесіне сәйкес өтінім беру қажет.

Жас ақындар, жазушылар мен журналистер конкурсына қатысуға өтінім үлгісі:

- Аты-жөні (толығымен);
- Туған жылы;
- Мекен-жайы;
- Оқу/жұмыс орны;
- Конкурсқа ұсынылатын жұмыстың атауы;
- Байланыс телефоны;
- Электронды пошта;
- Өтініш берген күні.

Үздік шығармалар республикалық конкурсқа жолданады. Республикалық конкурсқа қатысушылардың өмірбаяндарының ақпараттық жинағы жеке кітап болып дайындалып, басып шығарылады.

Жобамен келесі сілтемелер арқылы таныса аласыздар:

<https://instagram.com/abay.175zhyl?igshid=d7c12vww7fna>

<https://www.facebook.com/abayga175zhyl>

<https://t.me/abay175zhyl>

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылым-дарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 1757

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Аида ОРАЗОВА,

Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбиби БАҚЫТБАЕВА,

Анэля ЖОНЫСОВА, Шұғыла Еңсеп

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және

графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,

Ауельбеков көшесі, 98.

Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru